

БИОЛОГИЯ

*Орта білім мекемелерінің 11-сынып оқушылары үшін оқулық
1-басылым*

*Ўзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекітген*

«SHARQ» БАСПА
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-АКЦИОНЕРЛІК
КОМПАНИЯСЫ БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2018

УЎК 57(075.3)=122

КБК 28.0я721

Б – 56

А в т о р л а р :

А.Ғафуров, А. Абдукаримов, Ж.Талипова, О.Ишанкулов,
М. Умаралева, И. Абурахманов.

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

- Қ. Сапаров** – Биология ғылымдарының докторы, профессор;
М. Эргашева – А. Авлони атындағы ХББҚҚДБЖОИ доценті,
биология ғылымдарының кандидаты;
Б. Рахимова – Ташкент қаласы Юнусабад ауданындағы
105-санды жалпыбілім мектебінің биология
оқытушысы.

Б – 56 **Биология:** Жалпы орта білім мектептерінің 11-сыныбы үшін
оқулық: 1-басылым /Авторлар: А.Ғафуров, А. Абдукаримов,
Ж.Талипова, О.Ишанкулов, М. Умаралиева, И.Абдурахманова.
– Т.: «Sharq», 2018. – 240 б.

ISBN 978-9943-26-809-8

УЎК 57(075.3)=122

КБК 28.0я721

Республика мақсатты кітап қоры есебінен басылды.

ISBN 978-9943-26-809-8

© А. Ғафуров, А. Абдукаримов, Ж. Талпова, О.Ишанкулов,
М.Умаралиева, И. Абдурахманова.

© «Sharq» баспа –шығармашылық акционерлік
компаниясы Бас редакциясы, 2018.

СӨЗ БАСЫ

Қазіргі кезде адамзат әлемінде тұрған маңызды міндеттер табиғаттағы биологиялық түрлілікті асырау, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, глобалдық климат өзгерістердің кері әсерін жұмсату саналады. Адам саламаттығына қатер төндіретін аллергиялық, жұқпалы және эпидемиологиялық аурулардың алын алу, ауыл шаруашылығын модернизациялау мен жедел дамыту, экологиялық таза өнімдер істеп шығаруды кеңейтіру, суарылатын жерлердің мелиорациялық жағдайын және де жақсылау, су және басқа ресурстарды үнемдейтін заманауи агротехнологияларды іс жүзіне асыру қажет. Ауру мен зиянкестерге шыдамды ауыл шаруашылығы егіндерінің жаға түрлерін және жоғары өнімділікке ие жануар заттарын жарату қажет. Осы міндеттерін орындау бүгінгі күнде орта мектепте білім алып жақан, келешекте жоғары маман болуына бел байлаған жастар міндетіне жүктеледі. Аталмыш проблемларды сәтті шешуде медицина, табиғатты қорғау және табиғи байлықтардан ақылмен пайдаланудың теориялық негіздері болған биология пәнінің заңылықтары, пән жаңалықтары мен қолға енгізген жетістіктерді үйрену және практикада қолдау аса маңызды білдіреді.

Әрбір тұлға табиғат пен оның құрамды бөліктері, қоршаған-ортаға сақтықпен тиімді қатынаста болуы, табиғи байлықтарды асырау, көбейту, тірі организмдердің Жер жүзіне тарқалуы, дамуы, олардың жасау ортасына қалыптасуы, қоршаған орта мен басқа тірі организмдермен өзара қатынастары, ғаламшармыздағы өмірге қатер тудырушы факторлар және оларды жою шараларына тиісті биологиялық заңдылық пен теорияларды үйрену мүмкін. Аталмыш білімдер экологиялық мәдениетті құраудың негізі болып саналады.

Осы оқулық орта білім мекемелерінің мемлекеттік білім стандарттарының талаптары негізінде дайындалған. Оқулық мазмұны 10-сыныпта оқытылған биология оқу пәнінің логикалық жалғасы болып, 11-сыныпта өмірдің биогеоценикалық және биосфера дәрежесіндегі жалпыбиологиялық заңдар, органикалық әлем филогенезін үйренуге арналған. Тақырып мазмұнын мұқиятпен оқып шығып, онда пайдаланылған шартты беліглер негізінде берілген тапсырмаларды орындаудың келешекте тұлға ретінде қалыптасуы, ғылыми көзқарасты кеңейтіру және экологиялық ойға ие болуларына мүмкіндік жаратады.

Тәуелсіз Өзбекстанның кемелдікке ұмтылушы перзент негізінде пән негіздерін терең меңгеріп, келешекте биологиядан иелеген компетенцияларына негізделген халде маман (кәсіп) таңдап, тәуелсіз өмірде өз орындарыңды табуларына сенеміз.

I ТАРАУ. ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨМІР

I тарау мазмұнымен танысып, Сен:

- тірі организмдердің жүйелі түзілісі, негізгі ерекшеліктері мен маңызын мінездей алуларың;
- биологиялық жүйелердің иерархиялық түзілісі мен жалпы жиынтықтарының қасиеттерін түсіндіре алауларың;
- экологиялық міндеттерін талдау жасай алуларың;
- тірі организмдер түзілу дәрежесінің өзіне тән қасиеттерін өзара салыстыра алуың қажет.

1-§. БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР. ЭКОЛОГИЯ – БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ТУРАЛЫ ПӘН



Тірек білімдеріңді қолдандар. *Алдыңғы сыныпта үйренген білімдеріңнен пайдаланып, жердегі өмірдің түзілу дәрежесін есте. Өмірдің әр бір дәрежесінің түзілу және функционал бірлігін анықтаңдар. Өмірдің әрбір дәрежесінде қандай биологиялық үдерістер болады?*

Адамзат пайда болғаннан бастап қоршаған-орта, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, табиғатта ұшырайтын жағдайлармен үдерістердің сырлы жақтарын үйренген. Олардан келесі өмірде пайдалану тұрғысынан алғашқы тәжірибелерге ие бола бастаған. Алғаш табиғатта ұшырайтын жағдайлар мен үдерістердің өзіне тән жақтары бойынша айрықша мәліметтер топталған. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі, табиғатта ұшырайтын жағдайлар мен үдерістердің белгісіз жақтары үйренілген. Сол негізде адамның санасы дамыған, логикалық тұрғыдан пікірлей алуы арқылы табиғаттағы өмірдің маңызы, өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі мезгілді қалыптасулары, табиғатта ұшырайтын түрлі жағдайлар мен үдерістерді түсіндіру мүмкіндігі жүзеге келген.

Адамның табиғат пен оның құрамды бөліктеріне болған қатынасы және табиғаттағы жағдайлар, үдерістердің маңызын үйренуі ғылыми тұрғыдан білудің негізін құраған. Ғылыми тұрғыдан білу адам ой-санасының жоғары дәрежесі болып, ғылыми-жаңалықтар, алдын белгілі болмаған өсімдіктер-

мен жануарлардың құрылымы өмірлік үдерістер, заңдар мен заңдылықтарды жаратуға бағытталған болады. Сол негізде адам өзін қоршап тұрған ортаны үйрену нәтижесінде жерде жасайтын организмдер, олардың өміріне әсер ететін факторлар жөнінде ғылыми мәліметтер жүзеге келеді.

Көне дәуірде ғылыми білімдердің бірінші пішіні табиғат пәлсапасы еді. Табиғат пәлсапасының объекті табиғатта ұшырайтын жағдайларды үйрену есептелген. Табиғат пәлсапасы табиғат туралы мәліметтерді топтап, XVI–XVII ғасырларда жанды және жансыз табиғат жөніндегі тәуелсіз пән – табиғаттанудың қалыптасуына мүмкіндік жаратады. Табиғаттану пәні негізінде үйрену объекті, арнаулы зерттеу методтарына байланысты пәндердің мамандандырылғаны өмірге келеді.

Биологияның үйрену объекттері табиғаттың тірі материясы немесе организмдер болып табылады. Биология тірі материяның құрылымы, олардың өмірдегі қызметі, анорганикалық табиғатпен өзара байланысын үйренеді.

Тірі материяның жүйелі құрылымы. Тірі табиғат дүниесі біртұтас түрдегі, құрылысы тұрғысынан түрлі күрделілік дәрежесіне ие биожүйелерді өзіне қамтып алады.

Биологиялық жүйе (биожүйе) – өзара байланыс және өзара әсер көрсететін, белгілі функцияны орындайтын, даму, өз-өзін құру және қоршаған ортаға қалыптасу қабілетіне ие биологиялық объекттерді өзінде бірлестіреді.

Мәселен, гүлді өсімдіктер тамыр, пая, жапырақ, гүл және жеміс сияқты органдардан құралған биологиялық жүйе. Өсімдік – бірбүтін организм, оның барлық вегатив және генератив органдары өзара байланыста болып, өсімдіктің көбеюі мен сыртқы ортаға қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл организм дәрежесіндегі биологиялық жүйе саналады.

Шөл түрлі бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік пен жануарлар популяцияларынан тұратын биологиялық жүйеге мысал бола алады. Шөлде жасайтын әртүрлі түрлердің популяциялары да бір-біріне әсер көрсетіп, олардың ортадағы тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етеді.

Биологиялық жүйелердің иерархиялық құрылымы. Тірі жүйелердің әр түрлілігі бір-біріне байланысты, өзара байланыста болған дәрежелері иерархиялық құрылымнан тұрады. Өмір құрылымының ірі дәрежелері өзінде кіші дәрежелерді құрамды бөлік негізінде сәйкестендіріледі де әрбір құрылым дәрежесінің өзара әсері көлеміне тәуелді түрде жалпы заңдылықтарға мойынсұнады, олардың өзара әсері негізінде жалпы

жиынтықтарының қасиеттері пайда болады. Биосфера өзінде жердің тірі организм тарқалған қабығы негізінде ғаламшармыздағы барлық биогеоценоздарды қамтып алады. Биогеоценоз өз кезегінде экологиялық тұрғыдан бірін-бірі толықтыратын түрлі популяциялардан құралған. Популяциялар болса, ұрпақтары үнемі алмасып тұратын индивидтерден құралған. Индивидтер бүтін организм болып, олар органдар жүйелерінен, органдар жүйелері органдардан, органдар маталардан, тоқымалар клеткаларынан тұрады. Тірі организмдердің ең кіші бірлігі клетка саналады. Клетка жеке бір клеткалы организм негізінде де, сондай-ақ, көп клеткалы организмнің бір бөлігі негізінде барлық өмірлік жиынтықтарды анықтайды. Клетка үнемі болуы шарт болған органоидтардан, құрамы болса аорганикалық заттар мен макромолекулалардан құралған. Клеткада баратын өмірлік үдерістер олардың құрамындағы макромолекулалардың өзара әсеріне байланысты.

Өмір дәрежелерінің бірі екіншісіне негіз болып, кейінгі дәрежені жүзеге асырғандығы себепті, иерархиялық (баспалдақ көрінісіне ұқсас) құрылым атын алған.

Сөйтіп, табиғи объекттер мен олар ортасындағы өзара байланыс көлемі және әсер шеңберіне қарағанда әр түрлі. Оларды үйрену үшін биологияның түрлі бөлімдері жеке жандасулар мен зерттеу әдістерін істеп шыққан.

Биологиялық жүйелер бір-бірімен келіп шығуы тұрғысынан, бәлкім олар ортасында өзара әсер арқылы жүзеге келетін, сондай-ақ, сыртқы ортамен қатынастар да тығыз байланысқан.

Биологиялық жүйелер табиғаттың тарихи даму нәтижесі саналады. Олар өзін-өзі басқару, даму, көбею, құрамды бөлімдер ортасында өзара әсерінің тұрақтылығы мен балансының пайда болуымен әрекеттенеді.

Табиғатта тарихи өркендеу нәтижесінде жүзеге келген биожүйе балансының бұзылу экологиялық жүйелер структурасының өзгерісіне кейбір жағдайларда олардың өліміне алып келеді.

Табиғат пен қоғамның тұрақты ынтымақтастығы үшін қоршаған-ортаны қорғау, экологиялық басқару, қоғам мен табиғат ортасындағы байланыстарды тәртіпке салу проблемасы пайда болғанда, бұл адамзат келешегі үшін маңызды болып есептелінеді. Адамзат қоғамның барлығы мен дамуы өмір мен табиғаттың, табиғи қоғам мен тізімдердің даму заңдарын терең аңғару негізінде қалыптастыру керек.

Экология пән негізінде. XX ғасырдың бастарында биология пәні оның жаңа тармағы – экология жүзеге келді. Бұл пән жоғарыда келтірілген про-

блемаларды шешуде ғылыми негіз болып қызмет етеді. «Экология» (юнонша «oikos» үй, баспана, «logos» – пән, білім беру) атауы бірінші рет пәнге 1866 жылда неміс ғалымы Ernest Gekkel тарапынан енгізілген.

Экология кейбір индивидтердің дамуы, көбеюі, жасауын, популяция мен қоғамдардың құрамы және өзгерістерді жасау ортасына байланысты түрде үйренеді.

Экология – организмдердің өзара және қоршаған ортамен байланыстары жөніндегі пән. Алғашқы басқышта экология организмдердің өзара әсерін үйренетін пән болған. Қазіргі кезде оның өкілетті шеңбері сезілерлі дәрежеде кеңейді. Организмдерден тыс, популяция, биоценоз (қоғам), биогеоценоз (экожүйелер) мен биосфераны өз ішіне алады.

Соңғы жылдар барысында ол мәліметтерді мақсатты жиып, адамзат, адам қызметінің барлық салалары – ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, экономика және саясат, білім, саламаттықты сақтау мен мәдениетке қарағанда өз әсерін күшітіруде. Экологиялық білімдер негізінде табиғатты қорғаудың өнімді жүйесі мен табиғатты ақылды басқаруды қалыптастыру мүмкін.

Экология алдындағы міндеттер әр түрлі:

- Әр түрлі организм топтарының қоршаған орта фокторлары мен қатынас заңдылықтарын үйрену;
- Биологиялық ресурстардан орынды пайдалану, адам қызметі әсерінде табиғат өзгерістерін алдыннан көре алу, табиғатта болып жатқан үдерістерді басқару жолдарын үйрену;
- зиянды жәндіктерге қарсы күресудің биологиялық әдістерін жарату;
- өнеркәсіп кәсіпорындарда шығынсыз технологияны істеп шығу және оны ұсыну;
- организмдердің құрылымы, өмірлік қызметі мен әрекетіне қоршаған ортаның әсерін үйрену;
- тірі организмдердің қоршаған ортаға қалыптасудың экологиялық механизмдерін үйрену;
- түрдің түрлі популяциялардағы индивдтер санының өзгеруіне қарағанда сыртқы ортаның әсерін үйрену;
- биосферада болатын үдерістердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында оларды зерттеу;
- тұлғаның иелейтін мамандығы мен жасынан тыс оларда экологиялық көзқарасы, сана-сезімі мен ойлауы және экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Экологиялық мәдениет адам мен табиғат арасындағы қатынастарға қарағанда жандасулар негізінде пайда болады. Экологиялық мәдениетке қоғам мен табиғат арасындағы байланыстарды сәйкестендіруге қаратылған экологиялық білім, экологиялық сана мен экологиялық қызметтің бірлігі негізінде қаралады. Ғаламшармыздың қазіргі экологиялық жағдайы табиғатта және де жақын байланыста болуды талап етеді. Бұл қоғамымыздың әрбір мүшесінен кең экологиялық білім, болмаса табиғатқа жаңаша қатынасты дамыту, табиғат пен қоғамның тұрақтылығын қамтитын факторларды іздеуге негізделген экологиялық көзқарасты қалыптастыруын талап етеді.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: ғылыми дағды, биожүйе, экология, биогеоценоз, ұйымдар, биоценоз, эоқұрылымдар, биосфера.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Биологиялық жүйеге анықтама беріндер.
2. Иерархиялық қағидатқа мойынсұнған халде, жанды материаны құрау дәрежесін белгілеңдер.
3. «Биоценоз», «биогеоценоз», «биологиялық жүйе» ортасындағы айырмашылықты анықтаңдар.
4. Экологияның заманауи анықтамасын айтыңдар.
5. Экология қандай міндеттерді шешуі тиіс?
6. Өмірдің құрылым дәрежесін оларды үйренетін пәндермен топтастырыңдар. Өмірдің құрылым дәрежелері; 1) биосфера; 2) организм 3) молекула; 4) клетка; 5) популяциялар; 6) тоқыма; 7) биогеоценоз. Биологиялық пәндер: а) ботаника; б) экология; с) ситология; d) анатомия; е) молекулалар биологиясы; f) физиология; g) гистология; h) зоология.



Өз пікірлеріңді баяндаңдар.

1. Анық мысалдар негізінде заманауи адам үшін экологиялық білімдер қажеттігін түсіндіріңдер.
2. Адамның өнеркәсіп, істеп шығару, ауыл шаруашылық қожалығы, транспорт алаңы мен табиғатты қорғауда қоршаған ортаға тиісті білімдерден пайдалануға мысалдар келтіріңдер.
3. Экология тек қана пән, сондай-ақ жаңа тұрмыс жағдайы мен өмірдің жаңа көрінісі де, деген пікір бар. Оның мағынасын түсіндіріңдер.



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар. Кестені толтырыңдар.

Өмірдің құрылымдық дәрежесі	Құрамды бөлімдері	Осы дәрежеде ұшырайтын үдерістер
Молекула		

Клетка		
Организм		
Популяция		
Биогеоциноз		
Биосфера		

Төменде берілген объекттердің құрылымдық дәрежесін анықтаңдар.

Объекттер	Құрылымдық дәрежесі
Жүрек, бауыр, өкпе	
Цитоплазма, хлороплацтар, ядро	
Жапырақ, тамыр, пая	
Қоян	
Дельфиндер додасы	
Жер ғаламшары мен ондағы өмір	
Хромопротейндар	
Шөл	
Қан айлану жүйесі	
Хромосома мен гендер	
Амиоба, инфузория	

2-§. ЭКОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫ, БӨЛІМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ



Тірек білімдерінді қолдандар. *Не үшін адамға айналадағы организмдердің өміршеңдігі жөніндегі білімдер қажет деп ойлайсыңдар? Бұл білімдерден қай жерде пайдаланылады? Қандай экологиялық проблемаларды білесіңдер? Не үшін қоғамның әр бір мүшесі экологиялық білімдерге ие болуы керек?*

Өсімдік пен жануарларға қоршаған орта факторларының әсерін үйрену жөніндегі алғашқы пікірлер ежелгі юнон философы ғалымдарының ғасырларында көрініс тапқан. X–XII ғасырларда Ора Азияның ұлы ғұламалары әл-Хорезми, әл-Фараби, Абу Райхан Беруни, Ибн Сино ғасырларында Жердің құрылымы, дәрілік өсімдіктер, жануарлардың жасау орындары жөнінде мәліметтер берілген. Захириддин Мұхаммед Бабыр өзінің «Бабырнама» атты тарихи шығармасында Орта Азия мен Үндістанның

түрлі өсімдік пен жануарларды, олардың тарқалуы, көбею дәуірлері жөнінде көптеген мәліметтер келтірген.

Тірі организмдердің жасау ортасын терең үйрену XIX–XX ғасырларда басталды. Қоршаған ортаның жанды организмдер өміріне әсерін үйретуді неміс ғалымы Александар Гумболд бастап берді. Ол бірінші болып өсімдіктер өмірінде орта факторларының маңызын үйренеді. XX ғасырдың бастарында ботаника, зоология мен басқа табиғи пәндерде экология бағыты қалыптасты. Жай ғана табиғатты үйренуге экологиялық жандасу үлкен маңызға ие бола бастады. Бір қатар мемлекеттерде экологиялық проблемаларды кең қамтып алушы шығармалар басылды. Экологияның дамуында ағылшын ғалымы А.Тенсли қалыптастырған экожүйе концепциясы мен орыс ғалымы В.Н.Сукачев ілгері сүрген биогеоценоз теориясы маңызды орын иелейді.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап адамның табиғатқа әсерінің күшеюі себепті экологиялық проблемалар аса қажетті маңызға ие бола бастады, «экология» атауы да кеңірек мағынада қолданыла басталды.

Экология бөлімдері. Экология биологиялық құрылымдар түріне қарап төмендегі бөлімдерге ажыратылады: аутекология (факториалдық экология), демакология (популяциялар экологиясы), синэкология – (ұйымдар экологиясы), биогеоценология (экожүйелер экологиясы), глобал экология (биосфера экологиясы), эволюциялық экология, тарихи экология (1-сурет).

Аутекология организмдердің сыртқы ортамен байланыстары, мәселен өмірлік циклі, ортаға қалыптасуындағы мінез-құлқы сияқтыларды үйренеді.

Детокология – популяциялар экологиясы, популяцияға индивидтер санының өзгеруі, популяциядағы топтар ортасындағы қатынастарды үйренуші бөлім. Детокология шеңберінде популяциялардың қалыптасу жағдайлары үйреніледі. Детокология сыртқы ортаның әсері астында индивидтер санының өзгеру себептерін үйренеді.

Синэкология – әр алуан түрге тиісті организмдер ұйымдарының өзара және сыртқы ортамен қатынастарын үйренеді. Мұнда кейбір аймқатарда жасайтын микроорганизмдер, өсімдік, жануар түрлерінің әр алуандығы, тарқалуы, олар арасындағы бәсекелестік пен басқа экологиялық проблемалар үйреніледі.

Биогеоценология – биогеоценоздардың құрылымы мен еркешеліктерін үйренеді.

Эволюциялық экология – ғаламшармызда өмірдің пайда болуымен бірге экологиялық жүйелердің өзгерісін, биосфера эволюциясына адамның әсерін үйренеді. Эволюциялық экология палеонтологиялық мәлімет-

терден және қазіргі заман экологиялық жүйелері жөніндегі мәліметтерден пайдаланып ежелгі экожүйелерді теориялық реконструкциялау (қайта жаратуға) әрекет етеді.

Тарихи экология – адамзат цивилизациясы мен технологиясы дамуы нәтижесінде неолит дәуірінен қазіргі дәуірге дейін болған экологиялық өзгерістерді үйренеді.

Бұдан тыс, бұл пәннің ғаламшармыз табиғатындағы айрықша зоналарды үйренуші бөлімдері бар. Мәселен, орман экологиясы, шөл экологиясы, батпақ экологиясы, көл экологиясы және т.б. Кейде экологиялық организмдер мен қоршаған орта арасындағы қатынастардың жалпы заңдылықтарын үйренетін жалпы және бірнеше ерекше бөлімдерге: өсімдік-



1-сурет. Экология бөлімдері.

тер экологиясы, жануарлар экологиясы, микроорганизмдер экологиясы, балықтар экологиясы, сүтқоректілер экологиясы мен басқаларға ажыратылады. Экологияда көптеген практикалық бағыттар да бар. Ландшафттар экологиясы адам қызметі мен табиғатын жақсы басқарумен байланысты экологиялық өзгерістерді болжамдау үшін ғылыми негіздерді істеп шығарумен шұғылданады. Өнеркәсіп экологиясы экологиялық таза өнімдерді істеп шығару және шығынсыз технологияларды қолдаумен шұғылданады. Әлеуметтік экологиясы қоршаған ортаның адамға және қоғамның табиғаттағы әсерін үйренеді. Математикалық экология ғаламшармыздың түрлі табиғи аймақтарында организмдердің сан жағынан бөлу заңдылықтарын көріп шығады.

Қоршаған ортаны үйрену әдістері. Қоршаған ортаны үйренуде қолданылатын барлық әдістер үш үлкен топқа бөлінеді.

Дала әдісі. Дала әдісі көмегінде табиғи жағдайда популяцияларға орта факторларының кешен тәрізде көрсетілген әсері үйреніледі.

Дала әдісінен пайдалану табиғи орта жағдайында биожүйелердің дамуы мен өмірлік қызметіне қоршаған ортаның әсерін үйрену мүмкіндігін береді. Метеорологиялық бақылаулар, организмдер санын есептеу (мәселен, құстарды түйіндеу арқылы зерттеулер мезгілді миграция дәуірінде құстардың әрекетін бақылайды) дала әдісі көмегінде жүзеге асырылады.

Бақылау материалдары жазулар, суреттер, фотосуреттер, видеобейнелер тіркеуге алынады.

Экологиялық тәжірибелер әдісі көмегінде кейбір факторлардың организмнің дамуында әсері үйренеді. Табиғи ортада қандайда бір фактордың организмге немесе ұйымға әсерін жеке организмнің мүмкіндігі жоқ, себебі барлық факторлар кешен тәрізде әсер етеді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін әдетте бірер-бір табиғи жүйе моделдестіріледі. Мәселен, аквариум тұщы су бассейнінің моделі есептелінеді.

Математикалық моделдестіру әдісі экожүйенің жасаушандығы мен келешегін алдынан анықтауда жәрдем береді. Бұл әдісті жүзеге асыруда компьютерден кең пайдаланылады. Әдістің маңызы сонда, үйренілетін жүйенің ерекшеліктері математикалық белгілерге айналтырылады. Кейін, кейбір көрсеткіштерінің құны өзгертіліп, үйренілетін жүйеде қандай өзгерістер пайда болуы үйреніледі. Аталмыш экожүйе модельдері табиғи және лаборатория жағдайларында топталған көптеген мәліметтер негізінде қалыптастырылады. Мұндай математикалық модельдер тәжірибеде

тексеру қиын болған жағдайларды үйренуге жәрдем береді. Олар климат өзгерістері мен антропоген факторлар әсерінде экожүйелерінің дамуын алдыннан білу мүмкіндігін береді. Көбінесе экологияда қолданылатын зерттеу әдістері қоршаған ортаны зерттеу үшін бірлестікте қолданылады.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: экология, аутекология, цинекология, популяциялар экология, қоғам экологиясы, экожүйелер экологиясы, жалпы экологиясы, ландшафт экологиясы, өнеркәсіп экологиясы, әлеуметтік экология, математикалық экология.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Заманауи экологияның қандай бөлімдері бар?
2. Экологияның пән негізінде қалыптасуы қайсы ғалымдардың зерттеулерімен байланысты?
3. Не үшін экология табиғи ресурстардан өнімді пайдалану және қорғау үшін ғылыми негіз болып қызмет етеді?
4. Ғалымдар қалай табиғаттағы ұйымдар үстінен бақылаулар алып барады? Жанды табиғатты білудің осы әдісін қолдауда қандай шектеулер бар?
5. Қоршаған ортаны үйренуде тәжірибелер әдісінің қандай маңызы бар?
6. Қоршаған ортаны үйренудің қайсы жағдайларында математикалық модельдестіру қолданылады?



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар.



Өз пікірлеріңді айтыңдар.

1. Жарық аквариумда жасаушы жанзаттарды бақылап барыңдар. Аквариумдағы өсімдіктер мен жануарлар үшін жарықтық, ауа, су, топырақ қандай маңызға ие? Бұл факторлардан микроорганизмдер қандай пайдаланады? Аквариумда қандай жағдай болуы керек? Бақылау нәтижелері негізінде қорытынды шығарыңдар.
2. Экология бөлімдері үйренетін объекттерді анықтаңдар және кестені толтырыңдар.

Экология бөлімдері	Биологиялық жүйелер
Аутекология	
Демекология	
Цинекология	
Биогеоценология	
Глобаль экология	
Өнеркәсіп экологиясы	
Әлеуметтік экология	

II ТАРАУ. ӨМІРДІҢ ЭКОЖҮЙЕ ДӘРЕЖЕСІНДЕГІ ЖАЛПЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

II тарау мазмұнымен танысып, Сен:

- өмірдің экожүйе дәрежесіне тиісті негізгі ерекшеліктері мен маңызын түсіндіруің;
- биогеоценозды биологиялық экожүйе сипатында анықтауың;
- биогеоценоздың құрамды бөлімдерін ажыратып алуларың;
- биогеоценоз бен экожүйелердің тұрақтылығын қамтитын негізгі механизмдерін ашып беруің;
- биогеоценоздардың алмасуы мен қайта тіктелуінің себебі мен нәтижелігін түсіндіре алуың;
- табиғи су мен жасанды экожүйе (агроэкожүйе) лерін салыстыра білуің;
- экожүйелерде заттар мен энергия алмасуы үдерістерінің маңызын білуің;
- заттар мен энергияның тропикалық дәрежелер арқылы ұзатылу заңдылықтарын білген тәрізде азық шынжырларын түзуің.
- экожүйелерге антропогендік факторларының әсерін анықтай алуың;
- табиғаттағы бар экологиялық проблемаларға, табиғатты қорғаумен байланысты мәселелерде өз пікірлеріңді білдіре алуларың қажет.

3-§. ӨМІРДІҢ ЭКОЖҮЙЕ ДӘРЕЖЕСІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. БИОГЕОЦЕНОЗ – БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ



Тірек білімдеріңді қолдандар. *Өмір құрылымының биогеоценоз дәрежесіне анықтама беріңдер. Өмірдің биогеоценоз дәрежесі структуралық функционалдық бірлігі неден тұрады? Өмірдің биогеоценоз дәрежесіне тән қандай өмірлік үдерістерді білесіңдер?*

Биогеоценоз (юнонша «bios» – өмір, «ge» – жер және «koinos» – жалпы сөздерінен алынған) эволюция үдерісінде белгілі бір аумақты иелеген алуан түрге сай бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік пен жануарлар ұйымынан тұратын ашық биожүйелер. Биогеоценоз жөніндегі білімді орыс

ботаника ғалымы Сукачев жаратқан. Ол биогеоценоз тірі табиғаттың қажетті функционал құрылым жүйесі екендігін және де биогеоценоз екі құрамды бөліктен – тірі организмдер кешені (биогеоценоз) және қоршаған орта жағдайлары кешені – биотоп (юнонша «bios» – өмір және «topos» – жай)дан тұратынын көрсетіп берген (2-сурет).



2-сурет. Биогеоценоз структурасы (В.Н.Сукачев бойынша).

Жер жүзінде табиғи ұйымдар ұшырамайтын жай дерлік жетерлі емес. Өмір биогеоценоздар түрінде қоршаған ортаның барлық бөлімдерін иелеген. Бұл өз кезеңінде биогеоценоздардың құрылым дәрежесінен бірі сипатында аса аңызды белгілейді. Әр қандай биогеоценоз белгілі бір аймақта тарқалған және белгілі бір шекараға ие. Тірі организмдер ұйымдары шөлдер, солтүстік кеңдіктер, экватор, теңіз және өзендер, топырақ пен тауларда да ұшырайды.

Биогеоценоздар әрқандай биожүйелер сынды бірбүтін, тұрақты жүйе болып, оның бұл ерекшеліктері заттардың кезеңді айлануы арқылы қамтамасыз етіледі. Биогеоценоз құрылымы мен ерекшеліктерін экологияның жеке бөлімі – биогеоценология үйренеді.

Биогеоценоз табиғаттың абиотикалық факторы мен заттардың энергия алмасуы арқылы нығыз байланыста білгілі бір аймақта жасаушы тірі организмдер ұйымдарды өз ішіне алады. Биогеоценоз тұрақты, өзін-өзі басқаратын биологиялық жүйе болып, мұнда тірі организмдер (микроорганизмдер, өсімдіктер, жануарлар), аорганикалық табиғаттың құрамды бөлімдері (су, топырақ, климат) мен өзара байланысты. Оларға тау орманы, адыр, жайлау бигеоценоздарды мысал етіп алу мүмкін.

Өмірдің биогеоценоз дәрежесіне тән ерекшеліктер. Биогеоценоздар да өмірдің барлық құрылым дәрежелеріне тән, яғни структурасы, өмірлік үдерістері мен табиғаттағы маңызы секілді ерекшеліктерімен ажыралады. Биожүйе сипатында бигеоценоз өзара заттар алмасуы арқылы байланысқан құрамды бөлімдер – биотоп (жасау ортасы) пен биоценоз (тірі организмдер ұйымдар)дан құралған ашық жүйелер есептеледі.

Биогеоценоз дәрежесінде бақыланатын ең қажетті үдерістер: түрлердің өмірді қамтитын биомассаның синтезделуі; түрлер санының бірқалыпты басқарылуы; биожүйенің тұрақтылығын қамтитын заттар мен энергия ағымы есептеледі.

Биогеоценоздар. Биогеоценоздарда алуан түрлілік ортасында өзара байланыстар байқалады. Биогеоценоздар заттардың кезеңді айлануында қатысады. Биогеоценоздар алуан түрлілігі және ұзақ мерзім барысында болған биосфераның эволюциясын қамтамасыз етеді. Биогеоценоздар биосфераның тұрақтылығын белгілеп беретін заттардың биологиялық айлануы (биогеохимиялық циклді) қамтамасыз етуші жүйені құрайды.

Тұрғын биогеоценоздар бір бүтін дерлік жүйе болып, олар өзін-өзі жаңалау, тұрақтылық, өз-өзін басқару ерекшеліктеріне ие.

Экожүйе түсінігі. «Экожүйе» термині 1935 жылда англиялық ботаника ғалымы А. Тенсли тарапынан пәнге енгізілген. Оның пікіріне қарай, экожүйелер қызметі заттардың алмасуы және энергия ағымы мен байланысты болған тірі организмдер және қоршаған ортаның физикалық факторларының кешені. Тенсли экожүйелерді «Жер жүзінің негізгі табиғи бірліктері» деп есептейді. Биогеоценоз бен экожүйе түсініктері бір-біріне жақын түсініктер болып, өмірдің бір жүйелі дәрежесіндегі биожүйелер есептеледі. Бұл жүйелер өзара байланысты тірі және тірі емес құрамды бөлімдерден құралғаны, заттар мен энергия ағымы сынды бірқанша жалпы қасиеттерге ие. Экожүйе мен биогеоценоз түсініктері көбінесе бір мағынада істетілсе де, олардың зерттеуінде кейбір айырмашылықтар бар.

«Биогеоценоз» түсінігі биогеожүйенің анық құрамды қасиеттерін көрсетсе, «экожүйе» түсінігі биожүйенің функционалдық мыңызын анықтайды. Экожүйелер өзінің өлшемі, түрлердің әртүрлілігі және күрделілігімен биогеоценоздардан ажыралып тұрады. Биогеоценоздар белгілі шекараға ие болады, экожүйелерде болса шекараны анықтау қиын есептелінеді.

«Биогеоценоз» Жер жүзінің білгілі аймағындағы организмдер мен қоршаған ортаның табиғи кешені есептелінеді. Биогеоценоз белгілі бір түсінік болып, оларға құрамындағы сан жағынан көп ұшырайтын түрге қарап есім (ат) беріледі. Мәселен: «шыршазар орман», «жаңғақзар орман» және басқалар. Экожүйелер болса өз өлшемдері мен күрделілігі жағынан алуан түрлі.

«Экожүйе» дегенде өлшемді жағынан әртүрлі, заттар мен энергия алмасуы арқылы өзара байланысты тірі организмдер мен аорганикалық табиғат факторларының жиынтығы түсініледі. Экожүйе түсінігі биогеоценоз түсінігіне қарағанда кеңірек мағынада қолданылады. Әр қандай биогеоценозға экожүйе негізінде қарау мүмкін, бірақ әр қандай экожүйені биогеоценоз деп болмайды.

Экожүйелер аймақтық жағынан түрліше болуы мүмкін: кіші экожүйелер – микроэкожүйелер (микробты су тамшысы, өз микроорганизмдерге және омыртқасыз жануарларға ие шіріп жатқан төңке, көлмек су, аквариум және т.б.); орташа өлшемге ие экожүйелер – мезоэкожүйелер (алмалы бау, дала, шыршазар орман, бассейн, көл, дария және т.б.); ірі экожүйелер – макрожүйелер (өзен, шөл, тайга, тропикалық орман, таулар, шөл және т.б.); глобал эко жүйе(биосфера).

Экожүйелер табиғи және жасанды болуы мүмкін. Жасанды экожүйелер адамдар тарапынан өз қожалық қызметін жүргізу мақсатында жаратылады. Экожүйелер құрамына бірнеше биогеоценоздар енуі мүмкін. Биогеоценоздар – табиғи экожүйелер болып, олардың шекаралары фитоценоз, яғни өсімдіктер ұйымымен белгіленеді.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: биогеоценоз, биотоп, биогеохимиялық цикл, микроэкожүйелер, мезоэкожүйелер, глобал экожүйе.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Экожүйе мен биогеоценозға анықтама беріңдер. Олардың ортасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтандар. Экожүйенің құрамды бөлімдерін айтып беріңдер? Олардың маңызы неден тұрады?

2. «Биоценоз» бен «битоп» түсініктеріне анықтама беріңдер.
3. Экожүйеде организмдердің қандай функционалдық топтары бар?
4. Экожүйедегі түрлі функционалдық топтарға кіруші организмдер маңызын көрсетіңдер.



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар.

Биогеоценоз бен экожүйелердің ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтаңдар. Кестені толтырыңдар.

Биогеоценоздың ерекшеліктері	Ұқсастығы	Экожүйенің ерекшеліктері

4-§. ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІМДЕРІ



Тірек білімдерінді қолдандар. *Биогеоценоздар биоэкожүйе сипатында қандай құрамды бөлімдерден құралған?*

Әр қандай өлшемдегі кешендерден тұратын экожүйеден айырмашылық тұрғыда биогеоценоздар анық аймақтықпен шекараланған. Міне сондай кейбір айырмашылықтар барлығына қарамай «биогеоценоз» бен «ұйым», «биогеоценоз» және «экожүйе» түсініктері бір табиғи жағдайды – өмірдің түрден жоғары құрылым дәрежесіндегі биологиялық жүйелер есептелінеді.




Экожүйелер екі құрамды бөлік – ортаның жағдайлары (биотоп) және жер жүзінде заттардың кезеңді айлануы мен энергия ағымын қамтамасыз етуші үш функционалдық топқа бірлесетін тірі организмдер (биоценоз) дан құралған.

Биотоп (юнонша «bios» – өмір және «topos» – орын немесе жасау орны), бір ғана ұйымның иелеген орны немесе ұйым өмірін белгілейтін орта факторларының өзара бір-бірімен байланысты кешені. Тірі организмдер өз өмірлік қызметтері барысында ортаның абиотикалық жағдайларына (экотоп) өз әсерін өткізіп, оны биотопқа айлантырады.

Экожүйенің абиотикалық ортасын (экотоп) тірі болмаған құрамды бөлімдер – климатоп (жарықтық, температура, ылғалдық, ауа және т.б.) және тірі организмдер қызметінің нәтижесі есептелген құрамды бөлім – эдафатор (топырақ) құрайды. Экотоп тірі организмдер тарапынан әлі өзгермеген, өз топырағы, климатына ие белгілі аймақ есептеледі. Экотопқа

вулкан атылуы нәтижесінде пайда болған аймақтарды немесе жаңа пайда болған коралл аралдарын мысал ретінде келтіру мүмкін. Тірі организмдер тарапынан өзгертірілген экотоп немесе белгілі түрдегі өсімдік пен жануар түрлері жасайтын аймақ биотоп деп аталады.

Биоценоз – биотопта жасайтын тірі организмдер жиынтығы есептелінеді. Биоценоз әр алуан түрлер құрамы мен саны, әр түрлі түрге тиісті тірі организмдер ортасындағы қатынастар және тірі организмдер мен сыртқы орта факторлары ортасындағы түрлі-түсті өзара байланыстармен анықталады. Биоценоздың жасыл өсімдіктері (фитоценоз) күн энергиясы есебіне фотосинтез үдерісінде пайда болатын органикалық қосындылары жануарлар (зооценоз) үшін азық есептеледі. Саңырауқұлақтар (микоценоз) және микроорганизмдер (микробиоценоз) органикалық қалдықтарды минерал заттарға дейін майдалап, сыртқы ортаға қайтарады. Табиғаттағы организмдер ортасындағы азық арқылы байланыстар есебіне заттар мен энергияның сыртқы ортадан тірі организмдер құрамына өтуі, олардан болса және аорганикалық табиғатқа қайтуы пайда болады. Әрбір биогеоценоздағы заттар мен энергияның айналулары қосылып биосфера дәрежесіндегі заттар мен энергияның глобал айланыын қамтиды. Биоценоз құрамындағы барлық тірі организмдер 3 функционалдық топқа бөлінеді: продуценттер, консументтер және редуценттер (3-сурет).

Автотрофтар	Гетеротрофтар	
Продуценттер	Консументтер	Редуценттер
		

3-сурет. Биоценоз құрамы.

Бұл топтар экологиялық ерекшеліктері бойынша бір-бірінен ажыраларды, олардың құрамына белгілі бір биогеноз үшін тән болған әр алуан түрлерінің популяциялары енеді. Олардың өзара және қоршаған ортамен күрделі байланыстары биогеноздың бүтіндігін қамтиды.

Продуценттер (лат. «*producens*» – жаратушы) – органикалық қосындыларды құрайтындар, яғни автотроп организмдер болып, аорганикалық заттардан аорганикалық қосындыларды синтездейді. Бұл топқа жасыл өсімдіктер, фотосинтездеуші және хемосинтездеуші бактериялар кіреді.

Консументтер (латынша «*consume*» – тұтыну) немесе тұтынушылар – гетротроф организмдер болып, дайын органикалық қосындылармен азықтанады да азық құрамындағы энергияны азық шынжыры бойлап ұзатады. Азық (тропик) шынжыры – органикалық қосындыларды құрастыратындардан тұтынушыларға басқышпа-басқыш заттар мен энергияны ұзатушы организмдердің бірізділігі болып саналады. Консументтерге барлық жануарлар мен паразит өсімдіктер кіреді.

Редуценттер (латынша «*reduco*» – қайтарамын, тіктеймін) немесе децрукторлар (латынша «*destruo*» – майдалаймын) – гетеротроф организмдер болып, органикалық қосындыларды аорганикалық заттарға дейін майдалайды. Оларға сапротроф (сарофит) бактериялар мен саңырауқұлақтар кіреді. Сапротрофтар органикалық қалдық қосындылармен азықтанып, оларды минерал заттарға майдалайды. Пайда болған минерал заттар топырақта топталып, продуценттер тарапынан меңгеріледі.

Сөйтіп, биогеноз продуценттер, консументтер, редуценттерден құралады. Бұл топтардың өмірі бір-бірімен тығыз байланысты.

Биогеноздарға тән ерекшеліктер. Биогеноздар бір қатар ерекшелікке ие болып, бұл ерекшеліктер олардың ұзақ мерзім барысында тұрақтылықты қамтиды. Бұл ерекшеліктерге биогеноздардың өзін-өзі жаратуы (тіктеуі), тұрақтылығы, өзін-өзі басқаруы, дамуы мен экологиялық сукцессия (экожүйелердің алмасуы) сияқтылар кіреді.

Биогеноздардың өзін-өзі жарату ерекшелігі дегенде биогеноз тарапынан энергия ағымының бағытталуы тірі организмдер және аорганикалық табиғат ортасындағы заттар мен энергияның биологиялық айналуын қамтамасыз ету түсініледі.

Продуценттер тарапынан меңгерілген күн энергиясы, су және аорганикалық заттар органикалық қосындылар түрінде топталып, биогеноздың тірі құрамды бөлімдері өмірлік үдерістері үшін шығындалады. Өмірлік үдерістерінде пайда болатын, сыртқы ортаға ажыратылатын

және жануар өсімдік организмдердің ережелері редуценттер тарапынан минералдандырылады да қайта заттардың айлануына қайтарылады. Тыныс алу үдерісінде сыртқы ортаға ажыратылған карбонат ангидрид газы продуценттер тарапынан фотосинтез үдерісінде пайдаланылады да аэроб организмдердің тыныс алуы үшін қажет кислород құрайды.

Биогеоценоздардың тұрақтылығы. Бұл ерекшелік биогеоценоздардың өз құрылымын, құрамды бөлімдері ортасындағы байланыстар мен басқа көрсеткіштерді салыстыру түрде үнемі жағдайда сақтау ерекшелігі болып саналады. Биогеоценоздардың тұрақтылығы түрлердің алуан түрлілігімен қамтамасыз етіледі.

Биогеоценоздардың өзін-өзі басқаруы – өз құрамды бөліктері ортасындағы баланс пен өзара қарым-қатынастарды табиғи антропоген әсерлерден соң тіктей алу ерекшелігі. Биогеоценоздағы биотикалық қатынастар негізінде түрлердің саны үнемі сақталады. Мәселен, жоғары өнімділік нәтижесінде көп мөлшерде өсімдік ұрықтарының пайда болуы олармен азықтанушы сүтқоректілердің санының көбеюіне, бұл өз кезеңінде жыртқыштар санының артуына алып келеді. Жыртқыштар санының артуы олардың олжасы болған жануарлар санының азаюына себеп болады. Сөйтіп, жыртқыш жануарлар шөпқор жануарлардың, шөпқор жануарлар болса өсімдіктер санын бақылап отырады. Дәл сондай жағдайды паразит – иесі қатынастарды да көру мүмкін.

Биогеоценоздардың даму ерекшеліктері олардың құрылымы мен қызметінде өзгерістердің болуымен байланысты. Биогеоценоздардағы өзгерістер кезенді (циклдік) және құрамды (жүйелі) болады. Кезенді өзгерістер орта факторларының сөткелік және мезгілді өзгерістері мен биоритмдермен белгіленеді. Мұндай өзгерістер нәтижесінде биоценоздар алғашқы жағдайына қайтады. Тәжірибелі өзгерістер болса бір биоценоздың жай ғана басқасымен алмасуына алып келеді.

Бір биоценоз орнын басқа биоценоз иелеуі экологиялық сукцессия (латынша «*successio*» – дәйекті, бірізділік) деп аталады.

Сукцессия – биоценоз (экожүйе) лерін құраған түрлердің құрамды өзгеруі мен ұйымның құрамды құрылымының дәйектілік негізінде орын алмасуы нәтижесінде өмірге келеді.

Сөйтіп, биогеоценоз биоценоз бен биотоптың кешені болып, онда заттардың және энергияның кезенді айналуы жүзеге асады. Продуценттер, консументтер мен редуценттер экожүйелерінің функционалдық құрамды бөлімдері есептеледі.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: экотоп, климатоп, эдафотоп, фитоценоз, зооценоз, микробиценоз, продуценттер, консументтер мен редуценттер.



Білімдеріңді қолдандар.

1. «Биогеоценоз» және «экожүйе» түсініктерін салыстырыңдар. Олар ортасындағы жалпылық пен айырмашылықты анықтаңдар.
2. Продуценттердің маңызын айтып беріңдер? Фототроф пен хемотроф организмдерге мысал келтіріңдер.
3. Редуценттердің экожүйедегі міндеттерін мысалдар негізінде дәлелдендер.
4. Биогеоценоздардың өзін-өзі тіктеу мен тұрақтылығы сияқты көрсеткіштердің мазмұнын түсіндіріңдер.
5. Биогеоценоздардың өзін-өзі басқару дегенде нені түсінесіңдер?



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар.

Өз пікірлеріңді айтыңдар.



1. Экожүйеде редуценттер санының кілт азаюы қандай экологиялық нәтижелерге алып келеді? Жер жүзінде барлық редуценттердің жоғалу нәтижесінде қандай өзгерістер пайда болуы мүмкін?
2. Биоценоздың функционалдық топтары мен олардың өкілдері ортасындағы байланысты көрсетіңдер. Функционалдық топтар: 1) продуценттер. 2) консументтер. 3) редуценттер. Өкілдер а) қайың; б) бұғы; с) жаңбыр шуалшаңы; д) шортан балық; е) ақ саңырауқұлақ; ф) лишайник, г) ламинария; h) көпаяқты; i) дафния; j) темір бактериясы; k) амонифактор бактерия.
3. Төмендегі түсініктерді және олардың анықтамасын топтастырыңдар. Кестені толтырыңдар.

Р/с	Экологиялық терминдер	Р/с	Анықтамалар
1	Биоценоз	А	Тірі организмдер тарапынан әлі өзгермеген, өз топырағы, климатына ие болған аймақ
2	Продуценттер	Б	Органикалық қосындыны тұтынушылар – гетотрофтар организмдер
3	Климатоп	В	Экожүйенің абиогендік құрамды бөлігі
4	Фитоценоз	Г	Биоценоздардың орын алмасуы
5	Редуценттер	Д	Экожүйенің тірі организмдер қызметінің нәтижесі есептелген құрамды бөлігі
6	Экотоп	Е	Тірі организмдер тарапынан өзгерілген белгілі бір түрдегі өсімдік пен жануарлардың түрлері жасайтын аймақ
7	Консументтер	Ж	Биотоп құрамындағы тірі организмдер

8	Экологиялық сукцессия	З	Өлі органикалық қосындыларды минерал тұздарға дейін майдалаушы гетеротроф организмдер
9	Эдафотоп	И	Органикалық қосындыларды құрайтындар
10	Биотоп	К	Биоценоздың жасыл өсімдіктері

4. Төмендегі түсініктерге анықтама беріңдер және мысалдар келтіріңдер. Кестені толтырыңдар.

Ұйымдар	Анықтама	Мысал
Фитоценоз		
Зооценоз		
Микроценоз		
Микробиоценоз		

5. Қандай жүйелерді биоценоз деп атау мүмкін: жайлау, көл, шіріп жатқан төңке, теңіз, инежапырақты орман, дария.

5-§. ОРГАНИЗМДЕРДІҢ ЖАСАУ ОРТАСЫ. СУ ОРТАСЫ



Тірек білімдерінді қолдандар. *Жасау ортасы тірі организмдерге қандай әсер көрсетеді? Суда өмірдің пайда болуын түсіндіріңдер.*

Әр қандай тірі организм табиғатта белгілі жасау ортасына ие және орта оларға үнемі әсер етеді. Организм, популяция немесе түр жасайтын, оларға тікелей немесе жанама әсер ететін, ортаның биотикалық және абиотикалық жағдайларының кешені жасау ортасы деп аталады. Жасау ортасы тірі организм мен оның бүкіл өмірі барысында өзара қатынаста болатын табиғаттың бір бөлігі болып есептеледі.

Әрбір тірі организмнің жасау ортасы табиғаттың биотикалық және абиотикалық құрамды бөліктері – компонентінен құралады. Экологияда табиғаттың биотикалық және абиотикалық компоненттері дейіледі. Табиғаттың организмдерге әсер көрсететін және оларда қалыптасу реакциялары – адаптацияларының пайда болуына себеп болатын әрқандай құрамды бөлігі немесе компонент *экологиялық фактор* деп аталады.

Сөйтіп, орта – тірі организмдерді қоршап тұрушы және оларға тікелей әсер етуші факторлар жиынтығы. Организмдер ортадан өмірлік үдерістер үшін қажет болған барлық өнімдерді қабылдайды да ортаға заттар алмасу өнімдерін ажыратады. Жасау ортасы организмдердің тек қана жасауына,

сондай-ақ географиялық тұрғыдан тарқалуына да өз әсерін көрсетеді. Тірі организмдер үшін әр бір экологиялық фактор түрліше маңызға ие. Кейбір факторлар организмдер жасау үшін өте қажет болса, кейбір факторлар организмдер үшін азырақ маңызға ие болуы мүмкін.

Эволюция үдерісінде барлық тірі организмдерге жасау ортасына қарағанда өзіне тән морфологиялық, физиологиялық, экологиялық және басқа қалыптасулар – адаптациялар пайда болған. Адаптация (латынша «*adaptatio*» – қалыптасу) тірі организмдердің белгілі бір жасау ортасында жасауы мен көбеюін қамтамасыз етуші белгі немесе белгілер жиынтығы есептеледі. Мәселен, балық денесінің сюри пішіні олардың су мұхитында әрекеттенуді жеңілдеттірсе, сусыз мұхитта өсуші өсімдіктер жапырақтарына (алой) немесе паясында (кактус) су топтауға қалыптасқан.

Экологиялық факторлар үш топқа: абиотикалық, биотикалық және антропогендік факторларға бөлінеді. Орта мен тірі организмдердің өзара байланыстылығы және өзара әсерлері «организм – орта» жүйесіндегі негізгі заңдылықтардан есептеледі. Тірі организмдер ортадан өздері үшін керекті заттарды алады да ортаға түрлі дәрежеде әсер көрсетеді. Нәтижеде ортаның өзі де өзгереді.


«Организм – орта» жүйесіндегі негізгі заңдылықтар В.И.Вернадский тарапынан ойлап тапқан болып, организм және оның жасау ортасы бірлігінің заңы деп аталады. Өмір тірі организмдер мен жасау ортасының бір бүтіндігі негізінде олар ортасындағы заттар мен энергия алмасуы нәтижесінде дамып барады. Бұл заңнан келіп шығатын эволюциялық-экологиялық принципке орай, әрбір түрдің генетикалық мүмкіндіктері өзі жасайтын ортаға сәйкес.

Тірі организмдер да өз кезеңінде ортаға үлкен әсер көрсетеді, бұл бірінші кезекте организмнің сол ортада жасап жатқанымен белгіленеді. Тірі организмдер көректенеді, тыныс алады, қоршаған ортаға заттар алмасуы қалдықтарын ажыратады, өседі, дамиды, әрекеттенеді. Организмдердің бұл өмірлік қызметі сияқты жасау жайының ауа құрамы, торпақ структурасы, судың тазалық дәрежесі сияқты көрсеткіштері өзгереді. Әрбір организмнің ортаға айрықша әсері сезілерлі болмаса да, сол ортада жасаушы барлық организмдердің әсерлер жиынтығы өте үлкен. Тірі организмдердің ортаға әсері олардың ортаны қалыптастырушы қызметі болып есептелінеді.

Жер жүзінде тірі организмдер үшін төрт түрлі жасау ортасы бар: су мұхиты, құрғақ-ауа ортасы, топырақ ортасы мен тірі организм ортасы

(паразит пен симбионттар үшін). Әрбір орта өзіне тән жағдайларға ие (4-сурет).

Тірі организмдер бір немесе бірнеше ортада жасауы мүмкін. Өмір алғаш пайда болған орта су мұхиты есептеледі. Тарихи даму үдерісінде



3-сурет. Төрт түрлі жасау ортасы: 1 – су мұхиты; 2 – құрғақ-ауа ортасы; 3 – топырақ ортасы; 4 – организм ортасы.

тірі организмдер құрғақ-ауа ортасында жасауға өткен. Нәтижеде жаңа орта жағдайына қалыптасқан өсімдік пен жануарлар пайда болған. Тірі организмдердің өмірлік қызметі нәтижесінде топырақ қалыптасқан және кейбір организмдер топырақта өмір кешіруге қалыптасқан. Организм ортасын паразит пен симбионттар иелеген.

Әрқайсы ортада өзіне тән жағдайларымен өзара айырықшаланатын белгілі аймақтар, яғни биотоптар бар. Мәселен, су мұхитының су бетінде, су үңгірі, су түбінде, су оттар арасында жасау аймақтары бар.

Су мұхиты. Жер жүзінде ең кең тарқалған жасау мұхиты болып, өзендар, континенттердің су бассейндері мен жерасты суларын өз ішіне алады.

Су мұхитында жасаушы организмдер гидробионттар (юнонша «hydor» – су, «bios» – өмір) деп аталады.

Жасау ортасы негізінде су бірнеше ерекшеліктерге ие. Су жоғары тығыздық, айқындылық, үлкен жылулық кеңділігі мен жылулық өткізетін, мұздалғанда кеңею сияқты ерекшеліктермен бір қатарда, кислород мөлшеріне қарағанда кемдігі, жарықтықты да өткізуімен мінезделеді. Су әрекетшен, яғни ағынды мұхит. Оның әрекеттенуі нәтижесінде су мұхитында жасайтын организмдер кислород пен азық заттарымен қамтамасыз етіледі. Су бассейнінің барлық бөлігі бойлап температура жетерлі бірдей бөлінеді.

Үлкен жылулық кеңдігіне иелігі мен жылулықты өткізетіндігі негізінде құрғақтық мұхитына қарағанда су мұхитында температура аз дәрежеде өзгереді. Ауа температурасы 10°C -қа көтерілгенде, су температурасы тек қана 1°C -қа көтеріледі. Су үңірінде температура салыстырмалы түрде үнемі, $+4^{\circ}\text{C}$ айналасында болады. Су бассейнінің ең бет бөлігінде сәткелік және мезгілді температураның өзгеруі 0 -ден $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болуы мүмкін.

Судың тығыздығы үлкен (аудан 700 рет жоғары) болғаны үшін су сұхитында жасайтын организмдер үшін ол тірек міндетін орындайды. Бір клеткалы жануарлар, суоттары, медузалар, майда шаян сияқтылар денесіндегі түрлі өсімдер сумен әсерлену жақтарын асырады да олардың сүзгіштерін қамтамасыз етеді. Балықтардың су бетіне көтерілуі немесе оның түбіне түсуі немесе судың белгілі бір қабаттарында аспалы тұруы сүзгіш үрлеушімен байланысты. Суда актив әрекеттенуші жануарлар денесі сюри түрінде болғаны және арнаулы сүзгіштерге иелігі судың қарсылығын жеңіл жеңе алады.

Су мұхитында жарықтық ауаға қарағанда аз. Күн нұрының бір бөлігі су бетінен қайтарылады, бір бөлігі болса суға батып кетеді. Тереңдей берген сайын фотосинтез үдерісі үшін қажет жарықтық көлемінің азайып баруы су өсімдіктерінің кең тарқалуын шектейді. Жарықтық мөлшері жануарлардың өмір қызметі үшін маңызды рөл ойнамайды.

Су мұхитында жасаушы организмдер өмірінде судың тұз мөлшері үлкен маңызға ие. Су бассейндеріндегі су бір-бірінен азайып химиялық құрамы бойынша айрықшаланады. Олардың құрамындағы кислород мөлшері үшін көрсеткіштерден бірі. Судағы кислородтың негізгі дерегі су өсімдіктерінің биоценоз қызметі болып саналады, кислородтың бір бөлігі суға автосферадан өтеді.

Өсімдіктердің су мұхитына бейімделуі. Тұзды суларда тек қана суоттары кездеседі. Бұл өсімдіктер жарықтықтың сирек кездесетін қосым-

ша пигменттерді құраумен бейімделеді. Олар түрлі тереңдікте жасауға бейімделген: су бассейндерінің саяз бөлімдерінде жасыл су оттары, тереңірең қабаттарда қоңыр суоттар, ең терең бөлімінде қызыл су оттары кездеседі. Су мұхитында өсетін жоғары өсімдіктер гидрофиттер (юнонша «*hydor*» – су, «*phyton*» – өсімдік) деп аталады. Суда өсетін жоғары өсімдіктерде механикалық тоқыма, өткізуші тоқыма мен бадана жүйесі күшсіз дамыған, баданаларда шашақтар болмайды. Кейбір өсімдіктерде бадана болмайды (элодея), немесе бадана тек қана субстратқа бірігу міндетін ғана орындайды (қоға, ақ жапырақ). Суда кислород мөлшерінің сирек кездесетініне бейімделу механизмі сипатында өсімдік органдарында ауамен толған тоқыма – аеренхима дамыған. Жапырақтары жұқа, кейбір өсімдіктер (су нилуфары, су жаңғағы) жапырақтардың пішіні ауа мен су мұхитында орналасқанына қарап айрықшалаанады. Су өсімдіктерінің шаң даналары, жемісі мен ұрықтары су өткізбейтін қабықпен су көмегінде тарқалады.

Азот фиксациялаушы бактерия және ірі бұршақты өсімдік қатынасы	
Арам шырмауық басқа өсімдіктер қабығын орап алып өседі	
Құмырсқалар мен шіре биттері ортасындағы қатынас	



Өз пікірлеріңді айтыңдар.

- Жартқыш құстардың жаппасына қырылуы құр және куропатка сияқты құстардың азаюына алып келеді; қасқырлардың аушылар тарапынан көптеп қырылып кетуі бұғылар санының азаюына себеп болады; шымшықтардың көптеп қырылуы нәтижесінде дөңді егіндердің өнімділігі азаяды. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге анықтама беріңдер.

2. Ботаника, зоология курстарында алған білімдерің негізінде «жыртқыш – олжа» қатынастарына мысалдар келтіріңдер. «Жыртқыш – олжа» қатынастары эволюция үдерісінде қандай орын тұтады?
3. Жыртқыш сүтқоректілерде ау уақытында жәрдем беретін көптеген бейімделулер бар. Бірақ табиғатта жыртқыштар мен олардың саны дерлік өзгермейді. Мұның себебін түсіндіріңдер.
4. Табиғаттағы кейбір зиянды, кейбір түрлер пайдалы деген пікір дұрыс па? Жауаптарыңды мысалдармен түсіндіріңдер.

13-§. АНТРОПОГЕНДІК ФАКТОРЛАР



Тірек білімдеріңді қолдандар. *Не үшін антропогендік факторлар жеке топқа ажыратылған?*

Қазіргі таңда қоршаған-ортаның шапшаң өзгеруіне себеп болып жатқан факторлар тікелей адам қызметімен байланысты болып, кісілік қоғамы дамыған сайын оның табиғатқа ықпалы да күшейіп баруда. Қазіргі күнде адамзаттың табиғат пен қоршаған-ортаға ықпалының күші артып кеткен. Антропогендік ықпал экологиялық факторлар жиынтығы болып, оның негізінде адамның шаруашылық қызметі жатады. Антропогендік факторлар адам мен оның шаруашылық қызметінің өсімдік, жануар мен басқа табиғат компоненттеріне ықпалы мен байланысты факторлар тобы болып табылады. Адам табиғатқа ықпал көрсетіп, оны өз қажеттілігіне бейімдейді, бұл болса өз кезеңінде тірі организмдердің табиғи жасау ортасы және де олардың өмірлік үдерістерінің өзгеруіне себеп болады. Антропогендік факторлар ықпалында климат атмосфера, топырақ структурасы, су бассейнінің физикалық жағдайы мен химиялық құрамы өзгереді. Антропогендік факторлардың төмендегі түрлері бар: химиялық факторлар, физикалық факторлар, биологиялық факторлар, әлеуметтік факторлар.

Егін алқаптарына өңдеу беру мақсатында минерал тыңайтқыштардан пайдаланып, өнімділікті асыру, зиянды жәндіктерге қарсы зиянды химиялық заттардан қолдау, жердің геологиялық қабықтары – атмосфера, гидросфера, литосфера транспорт пен өнеркәсіп шығындыларымен ластануы сияқтылар химиялық антропогендік факторларға кіреді. Физикалық антропогендік факторларға ядро энергиясынан пайдалану, адам қызметі негізінде, мәселен, транспорт құралдарының артып бару нәтижесінде даурық күшінің артуы сияқтылар мысал бола алады. Биологиялық антропогендік факторларға азық-түлік өнімдері, адам организмінің жасау ортасы мен қорек дереккөзі болуы мүмкін болған бактериялар, паразит жа-

нуарлар кіреді. Элеуметтік антропогендік факторлар адамдар тобы және олардың өзара қатынастарымен белгіленеді.

Антропогендік факторлар дегенде адамның қоршаған-ортаға яғни тірі организмдерге, биогеоценоздарға, биосфераға әрқандай (тікелей және жанама) ықпалы түсініледі.

Антропогендік факторлар адамның қызметі нәтижесінде келіп шығатын факторлар болып саналады. Антропогендік ықпал нәтижесінде тірі организмдердің жасау ортасы өзгереді, бұл болса кезеңінде, экожүйелердің құрамды бөліктері ортасындағы байланысулардың бұзылуына алып келеді.

Адам өз қажеттіліктерінен келіп шығып табиғатқа ықпал жасап оны өзгерткенде, өсімдіктер, жануарлардың жасау орталары да өзгереді. Адамның табиғатқа ықпалы тікелей және жанама болуы мүмкін.

Адамның тікелей ықпалы тікелей тірі организмдерге қаратылған болады. Мәселен, көмір қазып алғанда, ағаш кескенде адам көмір немесе орманға қарағанда тікелей немесе жанама ықпал көрсетеді. Ақыл-ессіз, жоспарламастан жануарлардың көптеген аулануы түрлер санының күрт азаюына алып келеді. Адамның табиғатқа ықпал күші артып бара жатқандығы табиғатты қорғау шараларын істеп шығаруды талап етеді.

Адамның жанама ықпалы климат, ландшафттар, атмосфера мен су бассейндерінің физикалық және химиялық көрсеткіштері, топырақ, өсімдік пен жануарлар әлемін өзгертіру арқылы жүзеге асырылады. Жанама ықпалда адам табиғатының белгілі бір объектке емес, сондай-ақ басқа объектерге де ықпал етеді. Мәселен, ормандағы ағаштардың қырқылуы ағаштарға қарағанда тікелей әсері болып, бірақ бұл өз кезеңінде ормандағы басқа өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өзгеруіне, топырақтың жейірілуіне алып келеді. Зиянды жәндіктерге қарсы улы химиялық заттардың қолданылуы басқа құрт-құмырсқалардың және топырақта жасаушы жануарлардың да жойылып кетуіне алып келеді. Мұндай химиялық заттардың топырақтағы және өсімдіктердегі қалдықтары азық-түлік өнімдері арқылы адам саламаттығына да әсер етеді. Адам факторы организмдердің жасау ортасын өзгертірумен де оларға жанама әсер ету мүмкін. Адам саналы немесе санасыз түрде бір өсімдік немесе жануар түрін жоғалтып, басқа түрдің жасауы, көбеюі, тарқалуы үшін қолайлы жағдай жаратуы мүмкін. Мәдени өсімдіктер, үй жануарлары үшін адам жаңа, көп жақтан ыңғайлы ортаны жаратып, олардың өнімділігін асырады, бұл жабайы түлердің көбею мүмкіндіктерін азайтады.

Шөлдерді меңгеру, ормандарды кесу, пішен ору мен мал бағу, су, топырақ пен ауаны өнеркәсіп шығындылары, улы химиялық заттар, өнер-

кәсіп және тұрмыстық шығындылармен ластандыру сияқты антропогендік факторлар табиғатқа жаман әсер көрсетеді.

Жер жүзінде көптеген жануар түрлері адам қатысуынсыз да қырылып кеткен. Бірақ табиғатта бұл үдерістер жайбарақат жүзеге асады, яғни қырылған жануар түрлерінің орнын жаңа, мұхит жағдайына қарағанда көбірек бейімделген түрлер иелеп үлгіреді. Адам өсімдік пен жануарлар әлеміне күшті ықпал түрлерінің жойылу үдерісін жылдамдатады.

Адамның экологиялық фактор сипатында табиғатқа ықпалы әр түрлі. Адам мәдени өсімдік түрлері, жануар заттарын жаратумен бір қатарда жасанды экожүйелерді тіптен өзгертіреді. Мұндай өзгерістер кейбір түрлердің көбеюі мен дамуы үшін жақсы, басқаларға болса кері әсер етеді. Нәтижеде түрлер ортасында жаңа қатынастар пайда болады, азық шынжырлар өзгереді, организмдерде өзгерген орта жағдайына бейімделулер келіп шығады.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алындар: антропогендік факторлар, химиялық, физикалық, биологиялық, әлеуметтік; адамның тікелей және жанама ықпалы.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Не үшін тірі организмдерде антропогендік факторларға қарағанда бейімделулер кемнен-кем пайда болады?
2. Жасайтын жеріңде ұшырайтын антропогендік факторлардың ықпалы нәтижесінде өмірге келетін өзгерістерге мысал келтіріңдер.
3. Егін егілетін далаларда минерал тыңайтқыштар мен зиянды жәндіктерге қарсы улы химиялық заттардың қолданылуы қандай жағдайларға алып келуі мүмкін?
4. Адамның табиғатқа тікелей және жанама ықпалына мысалдар келтіріңдер.



Өз пікірлеріңді айтыңдар.

1. Диканшылық пен шаруашылық адамзаттың шыпшаң өркендеуін белгілеп беретін фактор болып саналса да, не үшін бүгінгі күнде оларға табиғат теңдестігін бұзушы фактор негізінде қаралуда?
2. Не үшін қазіргі күнде экология ғалымдары табиғатты қорғау, болмаса табиғаттан рационал пайдалану қажеттілігін белгілеуде? «Табиғатты қорғау» және «табиғаттан рационал пайдалану» түсініктері ортасында қандай айырмашылық барлығын түсіндіріңдер.



1-лаборатория сабағы.

Абиотикалық факторлардың тірі организмдерге ықпалын үйрену.

Лаборатория сабағының мақсаты: мұхит факторлары, жарықтық, ылғалдық, топырақ құрамының тірі организмдерге ықпал етуді анықтау, тірі организмдерге абиотикалық факторлардың ықпалын талдау жасау.

Керекті жабдықтар: ярангүл немесе колеус өсімдіктерінің (немесе басқа бөлме өсімдіктері) бұтақтары, гүлтүбектер.

Жұмыстың баруы.

1. Осы тәжірибе биология бөлмесінде лаборатория сабағы өткізілетін күннен бір жарым ай алдын қойылады да оқушылардың бақылауы ұйымдастырылады.

2. Бір түп бөлме өсімдігінен бірдей көлемдегі төрт-үш буынды болған жан бұтақтарды кесіп алыңдар. Жоғары буындағы жапырақты қалдырып, төменгі буындардағы жапырақтарды кесіп тастаңдар. Бұтақтарды тамыр шығарғанға дейін суға салып қойыңдар. Тамырлары 2 см-ге жеткенде, 1 және 2 бұтақтарды қарапайым топырақ салынған гүлтүбектерге, 3 және 4 бұтақтарды болса шырындыға бай топырақ салынған гүлтүбектерге егіндер. 1 және 3 гүлтүбектердегі өсімдіктерді оңтүстікке қараған терезелерге қойыңдар. 2 және 4 гүлтүбектердегі өсімдіктерді терезеден 3–4 метр ұзаққа орналастырыңдар. Бірінші үш күндікте барлық өсімдіктерді көп мөлшерде суғарыңдар. Кейіншелік 1 және 3 гүлтүбектердегі өсімдіктер жетерлі мөлшерде суғарылады, 2 және 4 гүлтүбектердегі өсімдіктер нормадан көбірек суғарылады.

3. Өсімдіктердің өсуі мен дамуы үстінде бақылау алып барыңдар. Бақылау нәтижелерін әр апта кестеге жазып барыңдар.

4. Кесте. Абиотикалық факторлардың өсімдік өсуі мен дамуына ықпалы.

Анықталған нәтижелер		Тәжірибе варианттары			
		1-бұтақ	2-бұтақ	3-бұтақ	4-бұтақ
Өсімдіктің өскен ортасының жағдайы					
Өсімдіктің бойы	1-апта				
	2-апта				
Жапырақтар саны	1-апта				
	2-апта				
Жапырақтардың өлшемі	1-апта				
	2-апта				
Жапырақтардың реңі	1-апта				
	2-апта				

1. Бес аптадан соң өткізілген тәжірибе нәтижесінен қорытынды шығарыңдар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

2. Мұхит жағдайы қандай абиотикалық факторлармен айрықшаланады?

3. Топарық, реліеф, самал сынды факторлар ылғалдық және температура-ның ажыратылуына қандай ықпал етеді? Мысалдар келтіріңдер.

4. Топырақтың тұздалуы, кислород байлығы экожүйесінің түріне қандай ықпал етеді?

5. Төмендегі факторларды үш дәрежеге – абиотикалық, биотикалық, антропогендік факторларға ажыратыңдар: жыртықшылық, орманды кесу, ауаның ылғалдығы, ауа температурасы, паразитизм, жарықтық, ғимараттар құру, атмосфера қысымы, зауыттардан карбонат ангидрид газының ауаға шығарылуы, судың тұздылығы.

6. Ыңғайлы микроклимат жарату арқылы адам түрлі температура жағдайларында, Антрактиданың суық қыс жағдайында, космостың өте суығында да жасап, істей алады. Температура адам үшін шектеуші фактор бола алмайды деген қорытынды шығару мүмкін бе?

Берілген экологиялық факторларды кластерде мазмұндаңдар.



1. Топырақ факторлары. 2. Бактериялар. 3. Климат факторлары. 4. Адамның биогеоценозға тікелей ықпалы. 5. Саңыруқұлақтар. 6. Топографиялық факторлар. 7. Өсімдіктер. 8. Адамның биогеоценозға жанама ықпалы. 9. Физикалық факторлар. 10. Жануарлар.

14-§. ТҮРДІҢ ПОПУЛЯЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



Тірек білімдеріңді қолдандар. *Түрдің классификациясын естеңдер. Суреттеуде түрдің өзіне тән қайсы қасиеттері көрінеді? Түр қайсы өмір дәрежесіне тиісті? Түрдің популяциялардан түзілгендігі түр үшін қандай маңызға ие?*

Табиғатта әрбір биологиялық түр бір-бірінен жекеленген популяциялардан құралады.

Популяция келіп шығуы жалпы болған, өзара еркін шиеленісіп, текті ұрпақ беретін ареалдың белгілі бір бөлігінде ұзақ мерзім бар болған, сол түрдің басқа популяциялардан қарағанда жекеленген индивидтердің жиынтығы болып саналады. «Популяция» сөзі латынша «populus» сөзі-

нен алынған болып «халық», «тұрғын» деген мағынаны аңғартады.

Популяциялар үнемі жасаушы биологиялық жүйелер болып, төмендегі көрсеткіштер:

- популяция индивидтері ортасында өзара шатасулар нәтижесінде қалыпты түрде кездесетін гендер алмасу нәтижесі- генофонды;
- түрлі тосқауылдар мен тарқалу мүмкіндігінің шектелгендігімен байланысты басқа популяциялардан жекеленгендігі;
- көбею үдерісінде қатысатын жас индивидтердің саны;
- гендер дрейфі, мутациялар сияқты эволюция факторлары ықпалында гендердің жаңа комбинацияларының жүзеге келуімен классификацияланады.

Популяцияның қажетті ерекшеліктерінен бірі өзін-өзі басқару, яғни ұзақ мерзім индивидтер санын бір түрде сақтап тұру. Бұл ерекшелік популяция го-меостази (юнонша «homoios» – ұқсас, «stasis» – үнемі жасаушы) деп аталады.

Популяция топты одақ болып, жеке алынған индивидтерге ие болмаған ерекшеліктермен классификацияланады. Бұл ерекшеліктер адамдарға популяциялардың келешектегі дамуын алдыннан білу және популяциялармен өзара саналы қатынастарды құрауда аса маңызға ие Төменде популяцияның ерекшеліктерін көріп шығамыз.

Кейбір жағдайларда популяциядағы индивидтердің жалпы санын анықтаудың мүмкіндігі болмайды. Мұнда популяциядағы индивидтер саны белгілі бір ортадағы тығыздықты анықтау арқылы табылады.

Популяция индивидтерінің саны – аталмыш популяциядағы индивидтердің білгілі бір алаңдағы жалпы санын қамтиды. Табиғатта популяциялардағы индивидтер санын анықтау өте ауыр. Популяцияның бұл көрсеткішін анықтау, әсіресе қорғауға мұқтаж және «Қызыл кітапқа» енгізілген түрлер үшін өте қажет. Популяция санын анықтауда индивидтерге таңба қою әдісінен пайдаланылады. Популяциядағы индивидтер саны әрдайым бірдей бола бермейді және ол организмдердің көбею жылдамдығы, өлім, миграция сияқты көрсеткіштерге да байланысты. Индивидтер санының уақыт аралығында өзгеруі популяция саны динамикасы деп аталады. Популяция саны динамикасын үйрену үлкен маңызға ие, мәселен, зиянды жәндіктер саны немесе ауланатын жануарлар санының көбеюі мен азаюын алдыннан білу мүмкін.

Популяция индивидтерінің саны үнемі өзгеріп тұрса да, бұл көрсеткіш жоғары және төменгі мөлшер шекарасына ие. Популяция санының жоғары мөлшер шекарасы ареалдың белгілі бір бөлігінде жасауы мүмкін болған индивидтердің максимал саны болып табылады. Осы көрсеткіш азық көлемін, иелеген алаңның кеңдігі мен басқа экологиялық факторлар-

дың ықпал күшіне байланысты. Популяция саны жоғары мөлшер шекарасына жеткеннен соң, азық жетіспеушілігі, жұқпалы аурулардың тарқалуы нәтижесінде индивидтердің жойылып кетуі басталады. Популяция санының төменгі мөлшер шекарасы популяцияның ұзақ мерзім барлығын қамтитыны мүмкін болған индивидтердің минимал болған индивидтердің минимал саны. Популяция санының төменгі мөлшер шекарасынан азаюы нәтижесінде индивидтердің көбею мүмкіндігі төмендейді. Бұл болса популяциядағы индивидтердің жойылып кетуіне алып келеді.

Демек, аз санды популяциялар ұзақ уақыт сақталып қала алмайды. Саны төмен мөлшер шекарасына жақындасқан популяциялар қорғауға мұқтаж популяциялар есептелінеді.

Барлық популяциялар саны биотикалық және абиотикалық факторлар әсерінде өзгеріп тұрады. Әр қандай популяция санының өзгеруі популяция толқыны деп жүргізіледі.

Табиғи популяциялар саны кезеңді (жүйелі) және кезеңсіз (кей-кейде) түрде өзгеруі мүмкін. Популяциялар санының кезеңді өзгеруі әр мезгілде немесе бірнеше жылда пайда болады. Популяциялар санының мезгілді өзгеруі Жер шарының жыл мезгілдері алмасып тұратын аймақтарда байқалады. Өмір циклі қысқа, яғни бірнеше ай жалғасатын организмдерде – майда шаян сияқтылар, шыбын мен маса сынды жәндіктер, тышқан секілді кемірушілер популяцияларында индивидтер санының мезгілді динамикасы байқалады. Өмір үшін ыңғайлы көктем және жаз мезгілдерінде олар бірнеше рет көбейіп ұрпақ қалдырады, нәтижеде популяциядағы индивидтер саны күрт артады. Көбею үшін қолайсыз болған қысқы мезгілде болса индивидтер саны азайып, көктемге дейін алдыңғы жылдағы мөлшерге қайтады. Популяция санының мұндай циклдік түрде өзгеруі әр жылы қайталанады.

Индивидтер санының әрбірі неше жылдан соң циклдік тәрізде өзгеруі кейбір жануарлар (мәселен, түлкі, байғұс) популяцияларында байқалады. Бақшаларымызда өсетін жемісті ағаштар (мәселен, алма, өрік) әр екі жылда көп жеміс береді, ормандарда өсетін кедр ағашы әр төрт жылда жеміс береді.

Популяциялар санының кезеңсіз өзгеруі мұхит жағдайларының түрлі себептеріне қарай бұзылуы (құрғақта, қыс мезгілі әдеттегіден суық немесе жылы келгенде, көктемгі жауынгершілік шектен тыс көп болғанда) төтенше жағдайда болатын жаңа жерлерге миграциялар нәтижесінде болады. Мәселен, жоғарыдағы себептер арқасында кейбір жылдарда зиянды жәндіктер шектен тыс көбейіп кетіп, өнімділікке зиян келтіреді.


Популяция тығыздығы. Тығыздық – алаң немесе аймақ бірлігіндегі организмдер саны. Популяция тығыздығы алаң немесе аймақ бірлігіндегі орга-

низмдер саны немесе биомассамен өлшенеді. Мәселен, 1-ге де 100 ағаш, 1-ге бассейн аймағында 10 000 бас немесе 1000 кг балық, 1 м³ суда 5 миллион хлорелла жасауы мүмкін. Тығыздық организмдер саны (мөлшер) ге байланысты болып, белігілі бір оптимумға ие. Мөлшердің оптимум шеңберінен әр қандай шеттелулерде популяция ішіндегі басқару механизмдері күшке енеді. Ареалдың кеңею мен организмдердің тарқалуына мүмкін болса да, мұнда мөлшер асқан сайын популяция тығыздығы артпайды. Популяция тығыздығының артуы ұрпақ қалдырудың төмендеуі, өлімнің көбеюі, даму жылдамдығының өзгеруімен кешеді. Популяция тығыздығының шектен тыс артуы көп жағдайда каннибализм (аз түріне тиісті организмдерді жеп қою) жағдайларын келтіріп шығарады. Мөлшерді басқарудың популяция ішіндегі қажет механизмдерінен бірі эмиграция – популяция бір бөлігі ареалдың басқа жерлерге көшіп өтуі саналады.

Жыныстық құрамы. Көптеген түрлерде жынысты анықтаудың генетикалық механизмі жыныстардың бірлестігінің ара қатысы – ұрпақта жыныс бойынша 1:1 ара қатыста ажыралуды қамтиды. Еркек пен ұрғашы организмдер жасаушандықтарының айырмашылықтары эволюция үдерісінде қалыптасқан белгі болып, сол себепті популяцияда мұндай арақатынас әрдайым байқалмайды. Бірлестікті салыстырма жасы үлкен индивидтерге тән болғанға қарағанда айрықшаланады. Популяцияда жыныстар арақатынасы, әсіресе, ұрсып жатқан ұрғашылар үлесі популяция мөлшерінің кейінгі өсуінде аса маңызға ие. Жыныстық құрамды талдауы негізінде популяция мөлшерінің кейінгі өзгерістерін болжам жасау мүмкін. Мәселен, жыныстар арақатысы: А популяцияда 75% ұрғашылар, 25% еркектер; В популяцияда 50% ұрғашылар, 50% еркектер; С популяцияда 75% ұрғашылар, 25% еркектер болса, А популяцияда келешекте организмдер саны артуы, В популяцияда тұрақтылық, С популяцияда болса организмдер саны азаюы мүмкін. Демек, С популяциядан пайдалану мүмкін емес, болмаса оны қорғау керек.

Жас құрамы – түрлі жастағы организмдер топтарының арақатысы саналады. Жануарлардың табиғи популяцияларда үш түрлі жастағы топтары айрықшаланады: жыныстық тараптан жетілмеген және әлі ұрпақ қалдыра алмайтын жас организмдер (предпродуктив), жыныстық жақтан жетілген (репродуктив) организмдер, көбею ерекшелігін жоғалтқан, ұрпақ бермейтін қары организмдер (пострепродуктив). Жануарлардың популяциялардағы түрлі жастағы топтардың мөлшер арқатысын жас пирамидасы көмегінде мазмұндау мүмкін. (18-сурет).

Тууылушандық – организмдердің көбею есебіне популяцияда уақыт бірлігі пайда болған организмдер саны. Тууылушандық индивидтер саны организмнің қажетті демографиялық ерекшеліктері болып санала-



18-сурет. Популяцияның жас құрамы: А – өсіп бара жатқан популяция; В – тұрақты популяция; С – азайып баражатқан популяция

ды. Әдетте, туылушандық асқан сайын популяцияда организмдер саны артады. Кейбір популяцияда жоғары туылушандық байқалса да, организмдер саны өзгерместен немесе азайып барады. Бұл өлім көрсеткішінің жоғарылығы немесе қандай да басқа себептер, мәселен, организмдердің жаңа аймақтарын иеленулерімен байланысты.

Өлім көрсеткіші – уақыт бірлігінде өлген организмдер саны. Бұл демографиялық ерекшеліктерден бірі. Туылушандыққа қарама-қарсы ерекшелік болған өлім табиғи популяциялардағы организмдер санына ықпал етеді. Туылушандық нормал кешетін жағдайда өлім көрсеткішіне қарап популяциядағы организмдер санының келешекте өзгеруін болжам жасау мүмкін. Егер өлім көрсеткіші артса, организмдер саны азайып барады. Егер өлім көрсеткіші өзгермесе, организмдер саны тұрақтығынша қалады. Егер өлім азайса, организмдер саны артады

Популяция мөлшерінің арту жылдамдығын туылушандық және өлім көрсеткіштері ортасындағы арақатысы белгілеп береді. Туылушандық пен өлім көрсеткіштері арақатысына қарай төмендегі популяция түрлері айрықшалаанады: тұрақты популяция, мұнда туылушандық және өлім көрсеткіштері тең, организмдер саны мөлшерде болады: азаймайды және көбеймейді, ареалы кеңеймейді де қысқармайды. Өсіп бара жатқан популяция, мұнда туылушандық өлім көрсеткішінен жоғары болып, организмдер саны артып барады. Қысқарып бара жатқан популяция, мұнда өлім көрсеткіші туылушандықтан жоғары, организмдер саны азайып барады. Бұл жағдай индивидтер санының артуымен жасау жағдайының жамандасуы нәтижесінде немесе адамдар тарапынан шапшаң түрде жоқ болғанында байқалады. Мұндай популяция қорғауға мұқтаж есептеледі.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: популяция, го-меостази, популяция мөлшері, кезеңді және кезеңсіз организмдер, популяция санының динамикасы, тығыздығы, жыныстық құрамы, жастық құрамы, тууылушандық, өлім көрсеткіштері, популяция санының өсу жылдамдығы.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Популяцияны экологиялық жақтан дәлелдендер.
2. Популяцияның қажетті белгісін анықтандар. Жауаптарыңды мысалдармен негіздендер.
3. Популяцияның биологиялық жүйе сипатында негізгі ерекшеліктерін түсіндіріңдер.
4. Популяцияның тууылушандығы қандай анықталады? Ол қандай экологиялық факторларға байланысты?
5. Популяция саны мен популяция тығыздығы жөнінде мәлімет беріңдер.



Өзбегінше орындау үшін тапсырмалар.

Өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Баршамызға белгілі, ішек таяқшасының бактериясы өмірде бір рет көбейеді де екі ұрпақ қалдырады. Күміссекілді терек өте көп жеміс өндіреді. Бірақ ішек таяқшасы бактериясының популяциясы терекке қарағанда тез көбейе алады. Бұл жағдайды қандай түсіндіру мүмкін?

15-§. ТҮРДІҢ ПОПУЛЯЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Биоценоздың түр құрамы. Әрқайсы биоценоз түрлерінің әр түрлілігімен ерекшелінеді. Биоценоз түрлерінің әртүрлілігі жөнінде іс жүзінде толық елестеу мүмкін емес, себебі микроорганизмдердің барлық түрлерін есепке алып болмайды. Биоценоздың түр құрамы биотопта жасаушы түрлердің жалпы санымен белгіленеді. Инежапырақты орман, шөл, биік тау биоценоздары түр құрамына қарағанда бай емес, себебі олардың түр байлығы ондап немесе жүздеген түрлерден құралған. Тропикалық ормандарда болса бірнеше мың түр жасайды. Түрлердің әртүрлілігі жоғары болған биоценоз мәңгі жасаушы есептелінеді. Биоценоздың түрлердің әртүрлілігі биотоптағы мұхит жағдайына байланысты болады. Мұхит жағдайы қаншалық ыңғайлы болса, биоценозда түрлердің әртүрлілігі соншалық артады немесе керісінше. Мәселен, тропикалық ормандар флора мен фаунасы тіптен түрліше, орта аймақтарда түрлер байлығы, негізінен, жабық ұрықтары мен ашық ұрықты өсімдіктер, жануарлар әлемі және аз жағдайларда саңырауқұлақ түрлерімен белгіленеді. Ыстықтық үнемі жетіспейтін тундрада түрлердің әртүрлілігі, негізінен, ясиндер мен лишайниктер құрайды.

Эрқайсы биоценозда сан жағынан ең көп болған және биотоптың үлкен бөлігін иелеген түрлер болады. Мұндай түрлер доминант түрлер деп аталады. Олар биоценоз түрін белгілейді. Мәселен, қарағай-қарағайзарда, шырша-шыршазарда және т.б. Эрқандай биоценозда доминант түрлерден тыс аз санды басқа түрлер де кездеседі. Биоценоздағы жалпы индивидтер жалпы санының қанша бөлігін құрауға байланысты (доминанттық дәрежесі) төмендегіше айрықшаланады: субдоминант түрлер, олар көп санды, биотопта оған қарағанда көп кездеседі, доминанттарға қарағанда саны біраз аз болады; аз санды түрлер, олар көп санды емес, биотопта әр-әр жерлерде ғана кездеседі; таптырмас түрлер – саны өте аз, биотоптың тек қана кейбір бөлімінде ғана ұшырайды.

Адам доминант немесе субдоминант түрлерден шарауашылық қызметі процесінде биоценозға зиян келтірмеген жағдайда пайдалануы мүмкін. Аз санды және таптырмас түрлер білгілі бір биоценоз шеңберінде қорғауға алынуы қажет. Көптеген биоценоздардың ареалы шеңберінде таптырмас түрлер саны өте азайғанда, әдетте, олар Халықаралық немесе ұлттық Қызыл кітапқа енгізіледі.

Түрдің кеңістікті структурасы – популяция индивидтерінің өздері иелеген территорияда тарқалуы. Түрлердің биотопта да горизонталь және вертикаль бағыттарда белгілі заңдылық негізінде бөлінуі биоценоздың кеңістікті структурасын белгілейді. Биоценозға вертикаль ярустылық пен горизонталь мозайкалық құрылым тиісті.

Құғақтық биоценоздарында вертикаль структураларының қалыптасуында бойы түрліше биіктіктегі өсімдіктер негізгі рөл ойнайды. Ярус – биоценозда бірге өсетін, бір-бірінен биіктігімен айрықшаланатын түрлі топтарға тиісті болған өсімдік түрлері. Түрлі ярустар өсімдіктердің әртүрлі өмірлік пішіндерінен пайда болады. Жоғары ярусты жарықсүйер өсімдіктер құрайды. Төменгі яруста көлеңкеге шыдамдылары, ең төменінде болса суықсүйер өсімдік түрлері өседі.

Өсімдіктердің мұндай орналасуы күн энергиясын толық меңгергенін қамтамасыз етеді. Бірінші ярусты биік ағаштар (емен, терек, шумтал), екінші ярусты оншалық биік болмаған ағаштар (жабайы алма, алмұрт, четан) құрайды. Үшінші ярус бұталар (орман жаңғағы, калина), төртінші биік оттар мен шала бұталардан, бесінші ярус биік болмаған оттар (жертұт, ясіндерден) құралған. (19-сурет).

Биоценоздағы жануар түрлері фитоценоздың белгілі бір ярустарына бай-


ланысты болады. Бірінші яруста ағаштардың жапырақтарымен қоректенетін жәндіктер ұшырайды. Екінші ярусты құстар мен ағаштардың денесіндегі зиянды жәндіктер – қабыққор және мойлаулы қоңыздар иелейді. Кейінгі бағана-ларда жыртқыш және тұяқты жануарлар, құстар, кемірушілер жасайды. Бесінші ярус кенелер, көпаяқтылылар мен басқа майда жануарларға бай болады.

Ярустылықтың пайда болуы әр түрлі түрлердің бір-біріне ұзақ мерзім барысында бейімделулері мен түрлераралық қатынастардың қалыптасу нәтижесі. Ярустылық түрлердің жасау орны, жарықтық пен азық дерегіне болған сезілерлі дәрежеде төмендеттіреді. Нәтижеде алаң бірлігіндегі организмдер саны артады, биотоптың ресустранына толық және рационал пайдаланылады.

Биоценоздың горизонталь структурасы (мозайкалық). Табиғи популяциялар индивидтері біркелкі, байқаусыздық және топты түрде бөлінеді (20-сурет).


Экологиялық жағайларына қарай жасау ортасына қарағанда бірдей болса организмдердің байқаусызда тарқалуы, азық запастары мен территория үшін күрес қатаң кешетін түрлердің индивидтері ареалда бір тегіс топқа бөлінеді. Мәселен, қою орманда көрші ағаштар бір-бірінен шамамен шақ-бұтақтарының көлеміне тең қашықтықта ұзақтықта өседі. Экологиялық жағдайларға қарай жасау ортасы бірдей болған ареалда индивидтер байқаусызда бөлінеді.

Топты бөліну табиғатта ең көп ұшырайды. Организмдер ареалының белгілі территорияларында топталған, мұндай территориялар арасында пайдаланылмаған алаңдар болады. Өсімдіктерде топты бөлу олардың кө-



19-сурет. Жапырақты орманның вертикаль структурасы (ярустылығы).

бею әдісінің және жемісі, ұрықтардың тарқалуымен байланысты. Мәселен, кейбір өсімдіктердің жемістері ірі, ауыр, (орман жаңғағы, емен жаңғағы) болып, олар ағаш жанына түседі, топ құраған халде сол жерден өніп шығады. Тамырпаялары көмегінде вегататив жолмен көбеюде де өсімдіктер топтары қалыптасады (сүдірелуші бидайгүл, меруертгүл, сүдірлуші беде). Көпшілік жануралар топ болып клониялар, дода, пада, отбасыларды құрайды. Топтарда индивидтердің жасаушылығы дұшпаннан қорғалу, қорек



20-сурет. Организмдердің кеңістікке тарқалу түрлері: 1) бір тегіс; 2) байқаусыз; 3) топты.

табу мүмкіндіктерінің көбеюі негізінде артады. Мәселен, өсімдіктер додасы самалға жақсырақ қарсы тұра алады, судан өнімдірек пайдаланады. Шұғыршық додасы қырғидан, майда балықтар додасы ірі жыртқыштардан жеңілірек құтыла алады. Қасқыр топтары оңай ау қылса, аттар падасы қасқырлардан қорғалуы жеңілірек болады. Пингвиндер колония құрап, қақыраған суықтан қорғалады. Сүтқоректілер мен құстар жанұясында ата-аналарының қамқорлығы себепті ұрпақтың жасаушылығы артады.

Этологиялық (мінез-құлық) құрылым – популяция индивидтері ортасында құралатын қатынастар жүйесі. Мұндай структура жануарларға ғана тән. 7-сыныпта биологияны үйрену барысында жануарларда мінез-құлық реакцияларының әртүрлілігімен таныс болғансындар. Кейбір популяцияларда индивидтер жеке тәртіпте жасайды. Көп жағдайларда организмдер топтары (жанұя, колония, дода, пада және т.б.) ға бірлеседі (21-сурет).

Жанұялық жасау түрі ата-ана мен балалар ортасындағы қатынастарының нығаюына алып келеді. Мәселен, арыстандар жанұясы, үлкен еркек арыстан, бірнеше ұрғашы және олардың балаларынан құралады. Жанұяның үлкен мүшелері бірге ау жасайды, ұрпақты қорғайды да тәрбиелейді. Жанұя территориясында иелек етуге дауыс сигналдары немесе тиісті

белгі қою, қатерлі көрінісін көрсету, сондай-ақ территорияда аяқ басқан бөгделерге тікелей шабуыл жасау арқылы да қамтамасыз етіледі.

Кейбір жануарлар, мәселен, қасқырлар мен гийена иттері дода болып жасайды. Додаға еліктеуші реакциялары дамыған және шешімді тәртіпке мойынсұну болады. Дода мүшелерінің әрекеттері дауыс, көру немесе химиялық сигналдар көмегінде келісілген түрде жүзеге асырылады. Дода көбею кезінде ұрпақ қалдыру және оны тәрбиелеу үшін жеке жұптарға ажыралуы мүмкін. Ұрпақ қалдыруда дода қайтадан қалыптасады.

Жануарлар падаға қарағанда үнемі болған жүйе болып саналады. Ең күшті жануар падаға басшылық жасайды. Бастық паданы басқарады, арнаулы сигналдар, қатерлер немесе тікелей шабуыл жасау арқылы мүшелер ортасында тәртіпті қамтамасыз етеді. Топ болып жасаушы жануарлар белгілі заңдылық негізінде бір жерден басқа жерге миграция жасайды, қорғалуды қамтамасыз етеді. Зебралардың падасында әрдайым алдында қары ұрғашы, оның артында алдын ең жас, кейін үлкенірек жастағы, олардан кейін үлкен жастағы зебралар, ең соңында болса пада бастығы болған еркек зебра әрекеттенеді.

Павиан маймылдар падасының орталығында, ең қауіпсіз жерде балалы немесе жүкті ұрғашылар, шеттерінде басшылары, жас ұрғашы мен еркектері болады. Паданың алдыңғы және артқы жақтарында ірі еркектер шабуылын қайтару үшін әрекеттенеді (22-сурет).

Колониялар – бірге өмір сүретін жануарлар құрайтын топтар. Олар ұзақ уақыт барысында бар болуы немесе көбею кезеңінде ғана қалыптасуы мүмкін. Индивидтер ортасындағы өзара қатынастардың күрделілік дәрежесіне қарай колониялар әртүрлі болады. Кейбір колониялар бір территорияда жасаушы кейбір индивидтердің қарапайым жиынтығы болса, кейбір колониялар бірбүтін организмдер құраушы органдар сынды түрлі функцияларды орындауға бейімделген индивидтер жиынтығынан құралады. Устрица, мидиялардың колониялары жеке фомалардың аймақтық бірлестіктері саналады. Қарлығаш, пингвиндердің колониялары жануарлардың кейбір функциялары келісілген жағдайда жүзеге асырылады (мәселен, дұшпаннан құрғалу). Термиттер, құмырсқалар, аралардың колонияларында индивидтер ортасында міндеттер өзара ажыратылады.

Сөйтіп, популяцияның экологиялық түзілісі оны құраушы организмдердің жасау ортасы ресурстарынан толығырақ пайдалануы, бірге өмір кешіруге жақсырақ бейімдеуді қамтиды.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар. Популяция геоэкологиясы, популяция тығыздығы, жыныстық құрам, жас құрамы, тууылушандық, кеңістіктік структура, этологиялық құрылыс.



Түлкінің жеке өмірі



Арыстандар жанұясы немесе прайд



Қасқырлар додасы




Кииктер падасы




Пингвиндер колониясы

21-сурет. Этологиялық құрылыстар.



A



B

22-сурет. Павиандар додасында индивидтердің әрекеттенуі: бірінші көріністе еркек павиандар, екінші көріністе ұрғашылар, ішкі көріністерде жас павиандар.

A – тамақтану жаққа қарай әрекеттену; B –жартқыш жануарлар шабуыл жасағанда әрекеттену.



Білімдерінді қолдандар.

1. Биоценоздың түрлер әртүрлілігі қандай көрсеткіштермен классификацияланады? Биоценоз тұрақтылығының сол көрсеткіштерге байланыстылығын түсіндіріңдер.
2. Тұрақты биологиялық жүйе негізінде популяция қандай ерекшеліктерге ие?
3. Популяцияның көлем динамикасын үйрену қандай маңызға ие?
4. Табиғи популяциялар санының кезеңді және кезеңсіз өзгерістеріне мысал келтіріңдер.
5. Популяция тығыздылығының артуы қандай өзгерістермен бірге өтеді? Тууылушылық және өлім көрсеткішіне қарағанда қандай популяциялар айрықшаланады?
6. Төменде берілген организмдердің қайсыларында популяциялар топтары саналады: бидай, гидра, күлгін, қасқыр, планария, беде, көңқарға?
7. Жануарлардың әлеуметтік топтарында этологиялық жүйенің әр түрлі түрлеріне мысалдар келтіріңдер.
8. Биоценоздың вертикаль жүйесінің қалыптасуында қайсы құрамды бөлік аса маңызға ие?



Өзбегінше орындау үшін тапсырмалар.



Өз пікірлерінді білдіріңдер.

1. Түрлі су бассейндері мен әртүрлі жастағы ауланатын балықтардың екі популяциясы үшін шаралар жоспарын түзіңдер. Бір популяцияда жас пирамидасының негізі кең, басқасынікі болса тар.
2. Ғизоланың екі популяциясы түрліше жасау ортасында болып, олардың жас түзілісіне бұл жағдай ықпал жасаған. Бірінші популяцияда 160 ювенил жастағы, 90 пудертат жастағы және 50 қары организмдер болған. Екінші популяцияда ювенил, 160 пудертат жастағы және 100 қары орга-

низмдер болған. Бұл популяциялардың келешегін болжам жасандар. Әр бір популяцияның жасап қалуы үшін адамдар қандай шараларды қолдау қажеттілігін көрсетіп беріндер.

3. Популяцияның жас құрылысын білу адамның қоршаған-орта қауіпсіздігі мен шаруашылық қызметінде қандай маңызға ие?
4. Түсініктер мен олардың классификациясы мен үйлесімділігін анықтаңдар.

Р/с	Түсініктер	Р/с	Түсініктерге анықтамалар
1	Тууылушаңдық	А	Биотопта жасайтын түрлердің жалпы саны
2	Тығыздық	В	Биотопта тез-тез кездесетін және көп санды түрлер
3	Жас құрамы	С	Алаң немесе көлем бірлігіндегі организмдер саны
4	Субдоминант түрлер	Д	Организмдердің көбеюі есебіне уақыт бірлігінде популяцияда пайда болған организмдер саны
5	Түрлер байлығы	Е	Организмдердің максимал саны
6	Биоценоздың кеңістікті құрылысы	Ғ	Организмдердің минимал саны
7	Көлемнің жоғары шекарасы	Н	Білгілі бір аймақ немесе көлемдегі организмдердің жалпы саны
8	Этологиялық құрылым	Г	Биотопта түрлердің вертикаль және горизонталь бағыттарда белгілі заңдылық бойыша орналасуы
9	Саны	І	Түрлі жастағы организмдер топтарындағы индивидтер санының тұсы
10	Көлемнің төменгі шекарасы	М	Популяция индивидтері арасында жүзеге келетін қатынастар жүйесі

16-§. ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТРОФИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ



Тірек білімдеріңді қолдандар. Алдын меңгерген білімдерің негізінде автотроф организмдерге түсінік беріңдер. Фототроф және хемотрофтар организмдерге салыстырмалы мінездеме беріңдер. Гетеротроф организмдердің қоректену әдістерін еске алыңдар.

Экожүйе (экоқұрылыс) ге табиғаттың негізгі құрылыс бірлігі сипатында қаралады. Экоқұрылыс – тірі организмдер ұйымы, олардың жасау орталары, заттар мен энергия алмасу кешені болып саналады.

Құрғақшылықтағы экологиялық жүйелерді мазмұндау үшін «биогеоценоз» атауы қолданылады. Биоценоз заттар мен энергияның алмасуы өтетін, құрғақшылықтың жанды (биоценоз) және жансыз (биотоп) құрам-

ды бөліктерінің жиынтығы. Биогеоценоздар қорек заттармен қамтуға қарай экожүйелерге қарағанда көбірек автоном, яғни басқа биогеоценоздардан еркін. Әрқайсы биогеоценозда заттар айналуы жүзеге асады.

Экожүйе құрылымы. Экожүйеде әртүрлі түрге тиісті организмдер өзіне тән функцияларды орындайды. Заттардың кезенді айналуында орындайтын міндетке қарай, түрлер функционал топтарға бөлінеді: продуценттер, консументтер немесе редуценттер.

Продуценттер – жарықтық және химиялық энергиядан пайдаланып, аорганикалық заттардан синтезделеді. Аталмыш функционалдық топқа жасыл өсімдіктер, фотосинтезделуші және хемосинтезделуші бактериялар енгізіледі. Автотроф организмдер гетеротроф организмдер жасауын қамтитын қорек, энергия дереккөзі болып қызмет етеді. Консументтер тірі организм құрамындағы органикалық заттар есебіне қоректенеді және ондағы энергияны қорек шынжыры арқылы ұзатады. Оларға барлық жануарлар мен паразит өсімдіктер кіреді. **Консументтер** үшін қорек дереккөзі афторофтар (өсімдіктер жануарлар үшін) немесе басқа организмдер (жыртқыш жануарлар үшін) қорек дереккөзі болып қызмет етеді. Қорек түріне қарай консументтер төмендегі тәртіптерге бөлінеді: продуценттерді тұтынушы организмдер бірінші тәртіп консументтер деп аталады, мәселен, шегіртке жапыраққор қоңыз, тұяқты жануарлар мен паразит өсімдіктер. Бірінші тәртіп консументтерін екінші тәртіп консументтері тұтынады, оларға етқор (жыртқыш) жануарлар кіреді. Үшінші және одан кейінгі тәртіп консументтеріне екінші және одан кейінгі тәртіп консументтерін тұтынатын жыртқыштар кіреді. Барлыққор консументтер, мәселен, қоңыздар бірінші және екінші тәртіп консументтері, жыртқыштар болса, мәселен, қасқырлар екінші және үшінші тәртіп консументтері болуы мүмкін. Өсімдік пен ет өнімдерін бірдей тұтынатын жануар түрлерін барлыққорлар деп атайды. Мұндай түрлерге таракандар, түйеқұстар, егеуқұйрықтар, шошқалар, қоңыр аю кіреді. Экожүйеде консументтер тәртібінің саны продуценттер құрайтын биомасса көлеміне байланысты жағдайда шектелген болады.

Редуценттер (деструкторлар) – өмір қызметі барысында органикалық заттарға айналыратын, нәтижеде олардағы элементтерді заттардың кезенді айналуына қарататын организмдер (топырақ бактериялар мен саңырауқұлақтар). Редуценттер қырылған өсімдік пен жануар қалдықтарымен қоректеніп, оларды ұсақтайды да шірітеді. Олар ұсақталуының соңғы басқышы (органикалық бірліктерінің аорганикалық заттарға дейін минералдануы) да қатысады.


Шіріп жатқан өсімдік саңырауқұлағы мен жануар қалдықтары **детрит** деп аталады. Детриттің майдалануында детритофагтар мен редуценттер қатысады. Детритофагтарға есекқұрт, кейбір кенелер, көпаяқтылылар, өлімтікқор қоңыздар, кейбір жәндіктер мен олардың личинкалары, шуалшаңдары мысал болады. Детритофагтар консументтер есептелінеді.

Қорек шыншыры мен қорек торы. Экожүйе жасауының ең маңызды шарты заттар мен энергия айлануын қамтамасыз ету. Түрлі функционалдық топтарға тиісті болған түрлер ортасындағы трофикалық (қорек) байланыстар нәтижесінде заттардың кезеңді айлануы жүзеге асады. Продуценттер күн энергиясы есебіне анорганикалық заттардан синтезделген органикалық қосынды қорек байланыстар негізінде консументтерге өтеді де химиялық өзгерістерге ұшырайды. Редуценттердің өмірлік қызметі нәтижесінде негізгі биогендік элементтер органикалық қосындылардан анорганикалық заттар (CO_2 , NH_3 , H_2S , N_2O) пайда болады. Продуценттер анорганикалық заттардан қосындыларды құрап, оларды қайтадан заттардың кезеңді айлануына енгізеді.

Экожүйеде заттардың айлануы толық жүзеге асуы үшін әр үш функционал топ организмдері болуы қажет. Олар ортасында трофикалық (қорек) шыншыр пайда болған тәрізде трофикалық байланыстар көрінісіндегі қалыпты қатынастар жүзеге асуы шарт.

Қорек шыншыры – бұл бір буын (дерек) нан екіншісі буын (тұтынушы) ға заттар мен энергия өтетін организмдердің жүйелі бірізділігі саналады.

«Қорек шыншыры» термині англия ғалымы – зоология және экология маманы Ч. Эльтон тарапынан 1934 жылда ұсынылған. Қорек шыншыры бірнеше буыннан тұрады. Шынжырдың бірінші буыны, негізінен, жасыл өсімдіктерден тұрады, одан кейінгі буындарды өсімдікқор жануарлар (омыртқасыздар, омыртқалы жануарлар, паразит өсімдіктер), соң жыртықштар мен паразиттер құрайды.



Жасыл өсімдіктерден басталған шыншырлы жайлау типіндегі (продуцент шынжыр) қорек шынжыр деп аталады. Продуцент шынжыр продуценттерден басталады да түрлі тәртіп консументтерін өз ішіне алады. Мұндай қорек шынжыры төмендегі сызбада келтірілген:

Продуценттер өсімдікқор жануарлар – бірінші тәртіп консументтерінің қорек дереккөзі, олар болса, өз кезегінде етқор жануарлар (бірін-

ші жыртқыштар) – екіншісі тәртіп консументтерінің қорек дереккөзіне айналады. Етқор жануарлар үшінші тәртіп консументтер немесе ірі жыртқыштар (екінші жыртқыштар) тарапынан тұтынылады (23-сурет).

Кейде шынжырлары детридтен басталады. Өлі органикалық зат – детридтен басталатын шынжыр детрит типіндегі қорек шынжыр деп аталады. Мұндай шынжырда жойылып кеткен өсімдіктер, жануарлар, саңырауқұлақтар немесе бактериялардың органикалық заттары детритофагтар тарапынан меңгеріледі, олар болса, өз кезегінде, жыртқыштардың олжасына айналады. Мұндай жағдайда детридтегі бір бөлік қорек заттар минерал заттарға айлану және өсімдіктер тарапынан меңгеру басқыштарын шеттеп өткен тәрізде заттардың кезенді заттарының кезенді айналуына қайтады. Детрит типіндегі қорек шынжырлар адам тарапынан органикалық шығындыларды қайта істеуде де балық немесе құстарды бағу үшін жаңбыр құрттары мен шыбындарының личинкаларын көбейтуде пайдаланылады. Детрит типіндегі қорек шынжырлар, негізінен, екі немесе кейбір жағдайларда ғана үш буынды, жайлау типіндегі қорек шынжырлары болса төрт-алты буынды болады. (24-сурет).

Су биогеоценозында көптеген экологиялық жүйелердегі сияқты энергияның бастапқы дереккөзі күн нұры болып қызмет етеді, өсімдіктер сол негізде органикалық заттарды синтездейді. Мәселен, бір келтқалылар өсімдік қалдықтары және оларда дамып жатқан бактериялармен қоректенсе, оларды майда шаянсекілділер жейді. Майда шаян секілділер, өз кезегінде, балықтарға, олар болса жыртқыш балықтарға жем болуы мүмкін. Су бассейндері қорек шынжырына мысал: фитопланктон (суоттары) – зоопланктон (дафния, циклоптар) – балық шабақтары (қызылкөз балық) – жыртқыш балық (алабұға). Қорек шыншырының соңында өлі органикалық заттарды айлантырып беретін редуценттер орналасады.



23-сурет. Жайлау түріндегі қорек шынжыры: өсімдік → өсімдікқор жәндіктер → жыртқыш жәндіктер → жәндікқор құс → жыртқыш құс.












24-сурет. Детрит түріндегі қорек шынжыры: төгілген жапырақ (детрит) → детритрофагтар (топырақ бактериялары, шуалшандар, саңырауқұлақтар) → топырақта жасаушы жәндіктер, кенелер → жыртқыш жәндіктер мен жәндікқор жануарлар.

Табиғи қоғамдағы түрлер құрамы жағынан тіптен айрықшаланаса да, трофикалық құрылысы бойынша ұқсас болады: олар негізгі экологиялық компонент – продуценттер (автотрофтар), түрлі тәртіп консументтері мен редуценттер (гетеротрофтар) ден құралады.

Трофикалық дәрежелер. Қорек шынжырындағы әрбір организм белгілі бір трофикалық дәрежеге тиісті болады. Организмнің қорек шынжырындағы орны немесе қорек шынжырының бір буынына тиісті болған организмдер жиынтығы трофикалық дәреже деп аталады. Трофикалық дәрежелердің саны қорек шынжыры буындары санына тең болады. Автороф организмдер продуценттер – гетеротроф организмдер үшін зат жеткізіп беретіндер негізінде бірінші трофикалық дәрежені құрайды. Екінші трофикалық дәреже (бірінші тәртіп консументтер)ге фитофагтар – өсімдікқор организмдер кіреді. Фитотрофтар есебіне жасайтын етқор (жыртқыштар), үшінші трофикалық дәреже (екінші тәртіп консументтерге), басқа етқорларды жейтіндер сәйкес тәрізде төртінші трофикалық дәреже (үшінші дәрежелі консументтер)ге тиісті (25-сурет).

Әрбір трофикалық дәрежеге, әдетте, бірнеше түр кіреді. Мәселен, табиғи қоғамда бірінші трофикалық дәрежені көбінше өсімдік түрлері құрайды. Екінші және кейінгі трофикалық дәрежелер де көп түрлерден тұрады. Биоценоздың мәңгі жасаушылығы мен ұзақ жасауы трофикалық дәрежелер түрлерінің әртүрлілігіне байланысты.

Табиғатта көптеген түрлер бір түрдегі қорекпен қоректенбейді, мүмкін әр түрлі қорек деректерден пайдаланады. Сөйтіп, қорек түріне қарап әрқайсы түр бір қорек шынжырының түрлі трофикалық дәрежелерін иелеуі мүмкін. Мәселен, тышқандарды ұстап жейтін қырғи үшінші трофикалық дәрежені, жыландарды жұтып жеуімен болса төртінші трофи-

I дэреже	II дэреже	III дэреже	IV дэреже	V дэреже
Продуцент	I тэргипти консумент	II тэргипти консумент	III тэргипти консумент	IV тэргипти консумент
Өсімдік	Мойлаулы қоңыз	Тоқылдақ	Лашын	Сілеусін
				
Фитопланктон	Зооланктон	Пингвин	Теңіз қапаны	Касатка
				

25-сурет. Трофикалық дәрежелер.

калық дәрежені иелейді. Бұдан тыс, бір уақыттың өзінде ол түрлі қорек шынжырларының буындары болуылар да мүмкін. Бір түрдің өзі әр түрлі қорек шынжырларының буыны негізінде оларды өзара байланыстырып тұрады. Мәселен, қырғи түрлі қорек шынжырларына тиісті болған кесіртке, қоян немесе жыланды жеуі мүмкін. Нәтижеде трофикалық шынжырлар бір-бірімен араласып, экожүйеде трофикалық (қорек) торы – бірнеше қорек шынжырларынан құралған күрделі торды құрайды (26-сурет).

Қорек торында бір қорек шынжырының буындары басқа шынжырдың құрамды бөлігі болады. Әрқайсы қорек шынжыры заттар мен энергия өтетін жеке каналдар болып табылады. Егер биоценоздың бірер бір мүшесі жоғалса жүйе бұзылмайды, себебі организмдер басқа қорек заттардан пайдаланады. Бұл пікірден түрлер қаншалықты түрліше болса, жүйе соншалық тұрақты болады деген жалпы қорытынды келіп шығады.




Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: қорек шынжыры, қорек торы, трофикалық байланыстар, трофикалық дәрежелер.

Білімдеріңді қолдандар.



1. «Биоценоз» бен «экожүйе» түсініктеріне берілген анықтаманы салыстырыңдар. Олар ортасындағы жалпылық пен айырмашылықты анықтаңдар.



26-сурет. Қорек торы.

2. Келтірілген экожүйелер жайылым, көл, шіріген төңке, теңіз, инежапырақты орман, дариясияқты экожүйелердің қайсыларын биоценоз деп атау мүмкін?
3. Бірінші тәртіп консументтерінің екінші және үшінші тәртіп консументтерінен өзгешелік тарапын анықтаңдар.
4. Жайылым түріндегі қорек шынжырлары детрит шынжырларынан қандай құрамды бөліктерімен ерекшеленеді?
5. Редуценттер экожүйеде қандай функцияны орындайды? Редуценттерге мысалдар келтіріңдер.
6. Экожүйенің трофикалық дәрежесі деп нені айтады? Экожүйенің түрлі трофикалық дәрежелеріне қандай организмдер кіреді? Экожүйелерде трофикалық санының шектелгендігі немен байланысты екенін түсіндіріп беріңдер.




Өзбетінше орындау үшін тапсырмалар.

1. Төмендегі берілген организмдер қатысуында жайылым түріндегі қорек шынжырын түзіндер: тауағашы, тоқылдақ, тоқылдақ, дегелек, ақ қайың, көбелек құрты, қырғи.
2. Төмендегі берілген организмдер қатысуында детрит түріндегі қорек шынжырын түзіндер: жылан, қырылған құс, топырақ бактериялары, шыбын личинкалары, бақа, көгерген саңырауқұлақтар, минералды заттар.
3. Қорек шынжырының түрлерімен олардың буындары арасындағы үйлесімділікті анықтаңдар. Қорек шынжырлары: А. Жайылым түріндегі қорек шынжыры. В. Детрит түріндегі қорек шынжыры. 1) қоян; 2) көл бақасы; 3) көгерген саңырауқұлақтар; 4) инелік; 5) топырақ бактериялары; 6) терек; 7) спирогира; 8) сазан; 9) жаңбыр құрттары; 10) хангүл; 11) есекқұрт; 12) өлімсе қоңыз; 13) шөптер; 14) сілеусін; 15) қырғи.
4. Егер редуценттер саны күрт қысқарса, экожүйеде жүзеге келетін экологиялық жағдайлардың салдарын айтыңдар.
5. Берілген суреттерден пайдаланып, табиғи экожүйеде заттар мен энергияның қорек торы арқылы берілуін сандармен мазмұндаңдар.

				
1) қырғи	2) түлкі	3) тоқылдақ	4) ораможапырақ көбелегі	5) қоян
				
6) тышқан	7) өсімдіктер	8) бақа	9) жылан	10) шегіртке

6. Функционалдық топтар мен оларға тиісті жануарлар ортасындағы үйлесімділікті анықтаңдар. Функционалдық топтар. 1. Продуценттер. 2. Консументтер. 3. Редуценттер. Өкілдері: а) ақ қайың; б) бұғы; d) жаңбыр құрты; е) лақа балық; f) саңырауқұлақ; g) лишайник, h) ламинария; i) шірітуші бактериялар; j) дафния.
7. Қорек шынжыры буындарын дұрыс бірізділікте орыналастырыңдар: өрмекші, ара, тоқылдақ, алма ағашы, қырғи.



17-§. ЭКОЖҮЙЕЛЕРДҢ ӨНІМДІЛІГІ



Тірек білімдерінді қолдандар. Экожүйеде тірі организмдердің функционалдық түрлілігі, қоғамдағы қорек шынжырлары түрлерін айтып беріңдер.

Жапырылған шуалшандарды су түбінде белсенді өрмелеп өмір кешіруге өтуімен табиғи таңдалу ықпалында олардың денесі актив және әр түрлі әрекеттенуге жәрдем беретін түйіндер мен әрекет органдары қалыптасқан. Жүйке жүйесінің түзілісі күрделі, бір жұп жұтқыншақ үсті мен жұтқыншақ

асты жүйке түйіндері, жұтқыншақ айналасы жүйке кеңірегіндегі мен қарын жүйке шынжырынан құралған. Дененің бас бөлігінде арнаулы сезу органдары пайда болған. Түйінді шуалшандардың тамақ ас қорыту жүйесінің және де жетілуі, қан айналу жүйесінің пайда болуы қажетті эволюциялық өзгерістерден бірі болып, олардың актив өмір кешіруі, жасау үшін күрес пен табиғи таңдауда сақталып қалуға мүмкіндік жаратады.

Су түбіндегі балық пен топырақта жасауға өтетін көп түктілердің әрекет органдары редукцияға ұшыраған және олардан аз түкті түйіндер, ежелгі аз түктілерден болса зүліктер пайда болған.

Моллюскалардың сыртқы көрінісі мен ішкі түзілісі жоғарыда келтірілген жануарлардың ешқайсысына ұқсамайды. Бірақ теңізде жасаушы екі жармалы мен қарынаяқты моллюскалар личинкасының түзілісі көп түкті түйінді шуалшандардан дерлік айырмашылық жасамайды. Соның үшін моллюскалар мен түйінді шуалшандар ежелгі бір жалпы ататектен келіп шыққан деу мүмкін. Моллюскалардың денесі түйіндерге ажыратылмаған. Олардың кейбір желбезектері көмегінде суда еріген кислородпен тыныс алады. Желбезектердің беті дене бетінен бірнеше рет артық. Бұл жағдай организмдердің кислородқа болған мұқтаждықты жетерлі түрде қаптау мүмкіндігін береді. Жануарлар әлемінде болған қажетті эволюциялық өзгерістерден бірі тыныс алу органдары– желбезек пен өкпенің пайда болуы саналады. Қан айналу жүйесінде жүрек пайда болған. Жүйке жүйесі дененің әрбір жайында бытыраңқы орналасқан жүйке түйіндерінен құралған. Денесі қорғау міндетін орындайтын спирал сияқты шығанақпен оралған.

Буынаяқтылар түріне тән кластардың өкілдері бір-бірінен денесінің буындарға бөлінуі, бас бөлімнің мамандану дәрежесі, аяқтарының түзілісімен айрықшалаанады. Бірақ әлдеқайда түзілген буынаяқтылылар денесінің дерлік бір түрдегі буындардан тұратындығы аяқтардың ұшы айыр – екі шаққа ажыралғандығы, құйрық айырының болуымен көп түкті теңіз қалқаларына ұқсас болады. Буынаяқтылардың келіп шығуы қалқалы шуалшандар жұқа кутикуласының пысық тірек склетіне айналуы, жүру аяқтарының пайда болуы, бұлшық еттердің жүру аяқтары негізінде топталуы арқылы барған. Кеуденің алдыңғы буындарынан бас пайда болған, арқа қан тамыры кеңейіп жүректі құраған. Буынаяқтылылардың денесі мен пысық хитинмен қапталған, денесі мен аяқтары буындарға бөлінген. Буынды аяқтар әрекеттенуден тыс, сезу, қоректену міндеттерін орындайды. Бұлшық еттер орындайтын міндетіне қарай мамандандырылған. Бас бөліктегі бұлшық еттер қоректі шайнау, көкірек бұлшық еттері денені әрекетке

келтіру міндетін орындайды. Тыныс алу органдары желбезек, өкпе немесе трахеялардан құралған. Жүйке жүйесі жүйке түйіндері, жұтқыншақты айланып өтетін жүйке қалқасы мен қарын жүйке шынжырынан түзілген.

Хордалы жануарларда болған эволюциялық өзгерістер. Хордалылар арасында лансетникалық ең төмен түзілген болып, оның айыру органдары дененің екі жаны бойлап топ-топ орналасқандығы, бас миясының дамымағандығы, қан айлану жүйесінің түзілісі мен жүрегінің болмауымен түйінді шуалшандарға ұқсап кетеді. Бұл белгілер төмен түзілген хордалылардың түйінді шуалшандардан келіп шыққандығын көрсетеді.

Хордалы жануарлардың әр түрлі болуына қарамастан оларда жалпы белгілер бар. Барлық хордалыларда ақ склет-хорда дамыған. Омыртқалы жануарларда болса хорда эмбрионал орган есептеледі, постембрионал дамудың алғашқы басқышына кейбір организмдерде омыртқа сатысына айланады. Хорда үстінде сырнай секілді орталық жүйке жүйесі орналасқан. Тыныс алу жүйесі күрделі түзіліске ие желбезек пен өкпеден тұрады. Қан айлану жүйесі жабық. Ас қорыту сырнайының алдыңғы бөлігі желбезек тесіктері көмегінде сыртқы ортамен байланысады. Суда жасайтын түп хордалыларда желбезек өмір бойы сақталады, құрғақтағы өкілдерде болса ол өкпемен алмасады.

Алғашқы хордалылардан бір топты теңіз түбіндегі құмға көміліп жасауға өткен, олардан қазіргі бас склетсіздер кенже түріне тиісті лансетниктер келіп шыққан. Ежелгі хордалылардың басқа бір тобы активті жыртқыш өмір сүруге арналған. Жыртқыш жануарлардан олжаның ізін тұту, жылдам және күрделі әрекеттенулердің тазалығы талап етіледі. Соның үшін жыртқыштар ортасында табиғи таңдалу жүйке жүйесі, әрекет органдары, олжаны тұту мен жеу үшін қажет болған өткір тістердің дамуына алып келген. Солай етіп қазіргі акулаларға ұқсас тоғайлы балықтар пайда болған. Тыныш өмір кешіру тоғайдан тұратын омыртқа сатысының сүйекпен алмасуы нәтижесінде және сүйекті балықтар келіп шыққан.

Климаттың жайбарақат құрғап баруы ежелгі сүйекті балықтар арасында табиғи таңдауды екі бағытта баруға алып келген. Біріншіден ежелгі екі түрлі тыныс алушы саусақ қанатты балықтардың жұп сүзгіштері құрғақта жасаушы жануарлардың әрекеттену органы– аяқтарына айланып барған; екіншіден желбезектер орнына өкпе мен тері арқылы тыныс алу пайда болған. Табиғи таңдалу ықпалында саусақ қанаттылардың өкпесі дамып, олардың жұп сүзгіштері жүру аяқтарына айланған.

Омыртқалы жануарлардың су мұхитынан құрғақта жасауға бейімделген алғашқы өкілдері ежелгі суда және құрғақта жасайтындар (стегосе-

фалдар) есептелінеді. Омыртқалы жануарлардың су мұхитынан құрғақта жасауға өтуі біріншіден ауасына кислородпен тыныс алу, екіншіден қатты субстратта әрекеттенуді талап етеді. Эволюция процесінде алғашқы суда және құрғақта жасаушылар кеуде түзілісі мен органдар жүйесінде өмірге келген белгілі бір нәсілдік өзгерушендік негізінде көрініске ие болған белгілер олардың өзгерген орта жағдайына бейімделуіне мүмкіндік жаратады. Алдыңғы және артқы аяқтардың пайда болуы, жүрегінің үш камералы болуы, қан екі шеңбер бойлап әрекеттенуі, литавра перде мен есіту сүйегінің пайда болуы суда және құрғақ мұхитта жасау мүмкіндігін жаратады.

Сүдіреліп жүрушілер нағыз құрғақта жасаушы жануарлар болып, олардың терісі құры, тыныс алуда қатыспайды. Сыртқы су мұхитында ұрықтану орнына ішкі ұрықтану келіп шыққан, жануарлар ірі, сарығыштыққа мол тұқым қоятын болған. Олардың орталық жүйке жүйесі, әсіресе бас миясы мен сезу органдары жақсы дамыған. Бастың әрекеттенушендігі сезу органдарынан көбірек пайдалану мүмкіндігін беретін мойын омыртқалары өркендеген. Скелетінде көкірек қуысының өмірге келуі өкпені қорғап, тыныс алудың жетілдіруіне алып келген, тыныс жолдары – трахея, бронхтар пайда болған, өкпелерде газ айналу беті кеңейген, жүрек қарнында шала тосқауыл пайда болған.

Құрғақ және ыстық климатты мезозой эрасында сүдіреліп жүрушілер дамыған, олардың әр түрлі өкілдері өмірге келген және кең тарқалған. Климаттың суып кетуі нәтижесінде гигант сүдіреліп жүрушілер жасау үшін күрес пен табиғи таңдауда қырылып кеткен.

Құстарда төмендегі эволюциялық өзгерістер өмірге келген. Жүйке жүйесі мен сезу органдарынан көзі күшті өркендеген және әрекеттері ұшуға үйлестірілген. Жүрегі төрт камералы, жүрек қарындары толық ажыралған. Артериал мен веноз қандарының араласпағандығы, заттар айналуының жеделдеуі салдарынан дене температурасы тұрақты болады.

Құстардың негізгі әрекеті – ұшумен байланысты тәрізде білгелі эволюциялық өзгерістер өмірге келген. Құстардың кеудесі сюри пішінде, алдыңғы аяқтары ұшу органы – қанатқа айналған, скелетінде тәж сүйегі өмірге келген. Денесі күрделі үкілі қабатымен қабатталған. Денесінде ауа қалташаларының болуы мен олардың тыныс алуда тікелей қатысуы құстардың жасауы үшін күресте және табиғи таңдауда сақталып қалуға жәрдем береді.

Сүтқоректілердің алғашқы өкілдері мезозой эрасында жасаған сүдіреліп жүрушілерден келіп шыққан. Сүтқоректілер ыстық қанды болуы арқасын-

да сүдіреліп жүрушілер, су және құрғақта жасаушылар үшін ыңғайсыз болған жағдайда да жасау мүмкіндігіне ие болған. Сүтқоректілердің бас миясында жоғары жүйке қызметі орталықтары пайда болған. Бас мия жартышарларының қабығы жақсы дамыған. Сол себепті олардың мінез-құлқы күрделенген және олар сыртқы орта ықпалына толық жетілген тәрізде жауап қайтарады. Есіту және иіс білу органдары жақсы дамығандығы олардың сыртқы орта жағдайына бейімделу, өзін қорғай алумен қорек табуға мүмкіндік береді. Сүтқоректілерде терморегуляция күшті дамыған. Жоғары төрт камералы, өкпелі алвеолалардан түзілген болып, тыныс алу беті артқан. Теріде түрлі міндеттерді орындайтын май, сүт, тер, иіс ажыратушы бездер болып, тері жүнмен қапталған. Сүтемізушілерде жатырдың пайда болуы, эмбрионның жатырда дамуы жануарлар әлеміндегі ірі ароморфоздардан бірі саналады. Сүтқоректілердің су, ауа мен құрғақта бейімделу белгілері идиоадаптация нәтижесінде өмірге келген.

Жануарлар филогенезін толық елестету үшін тірі организмдердің органдар жүйелері дамуды үйрену қажет.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: эволюциялық өзгерістер, бір және көп клеткалы жануарларда болған эволюциялық өзгерістер, хордалы жануарларда болған эволюциялық өзгерістер.



Білімдерінді қолдандар.

1. Бір клеткалы жануарларда болатын эволюциялық өзгерістерді түсіндіріп беріңдер.
2. Көп клеткалы жануарларда болатын эволюциялық өзгерістерді дәлелдеңдер.
3. Хордалы жануарларда болатын эволюциялық өзгерістерді классификациялаңдар.
4. Сүтқоректілер класы группаларының өкілдерін өзара салыстырыңдар Оларда жасау ортасына байланысты түрде өмірге келген белгілерді анықтандар.



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар.

Организмдер үшін тән болған ароморфоз бен идиоадаптацияларды көрсетіңдер.

Организмдер	Ароморфоздар	Идиоадаптациялар
Балықтар		
Суда және құрғақта жасайтындар		
Сүдіреліп жүрушілер		
Құстар		
Сүтқоректілер		

39-§. ТІРІ ОРГАНИЗМДЕРДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТҮЗҮ ОРГАНДАРЫ: ГУМОРАЛ ЖӘНЕ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ





Тірек білімдерінді қолдандар. Алған білімдеріңе негізделіп, организмдердің жүйке және гуморал жүйе арқылы басқарылуы жөнінде пікірлеңдер.

Тірі организмдердің қажетті ерекшеліктерден бірі өзін-өзі басқару саналады. Өзін-өзі басқару – тірі организмдердің физиологиялық немесе биологиялық көрсеткіштерін белгілі және тұрақты дәрежеде автоматикалық тәрізде сақтау ерекшелігі саналады. Органикалық әлемнің түрлі түзілу дәрежелері, яғни молекула дәрежесінен тартып, организм дәрежесіне дейін өзін-өзі басқарудың анық жүйесі, әр түрлі көріністері бар.

Өзін-өзі басқару механизмінің іске кірісуі үшін белгілі фактордың әсер етуі, организм ішкі ортасындағы бірер-бір химиялық зат (гармон немесе қант мөлшерінің) концентрациясы, кейбір органдар жүйесі жағдайының өзгеруі, организмге жат заттың кіруі жетерлі себеп болады. Мәселен, хлоропластар жарықтық ықпалында цитоплазмада орналасқан орнын өзгертіру ерекшелігіне ие. Жарықтық көп болған жағдайларда хлоропластар күшті жарықтықтан қорғалу мақсатында клетка қабығы айнала-сында, бұлтты және жарықтық аз болған күндерде жарықтықтан көбірек пайдалану мақсатында олар цитоплазмада бірдей ажыратылады. Күн нұры ықпалында хлоропластар жағдаймен жайының өзгеруі клетканың өзін-өзі басқару механизмі арқылы жүзеге асады (60-сурет).

Бактериялар, бір клеткалы жануарлар, бір клеткалы суоттары мен жоғары өсімдіктерінің жыныстық клеткалары үшін сыртқы факторлар (жарықтық, химиялық заттар, кислород) ықпалында өзгеруі *таксис* деп аталады. Көп клеткалы организмдердің өмірлік процестері жүйке, гумо-



60-сурет. Жарықтық ықпалында клеткада хлоропластардың көрінісі:
1 – жарықтық жетерлі уақытта; 2 – ауа бұлтты уақытта.

рал және иммун жүйелер арқылы басқарылады. Қарапайым жануарларда жүйке жүйесі болмайды, сол себепті олар сыртқы ортамен байланысы клетка ішіндегі сұйықтық арқылы гуморал басқырылады.

Тірі организмдерде жүйке жүйесінің пайда болуы нәтижесінде басқарудың жаңа пішіні – жүйке арқылы басқару жүзеге келген. Жүйке жүйесінің даму дәрежесімен байланысты түрде жүйке жүйесінің жоғарылығы негізінде нейрогуморал басқару қалыптасқан. Жүйке басқарылу – жүйке жүйесі құралында организмнің бір бүтіндігі өмірді қамтитын процестер жиынтығы саналады. Түрлі жануарларда жүйке жүйесінің түзілу дәрежесі әр түрлі болуына қарамастан олар ұқсас, яғни организмдегі барлық орган мен тоқымаларды бүтін жүйеге бірлестіру және сыртқы ортамен байланысты қамтамасыз ету міндетін орындайды. Жүйке жүйесінің организмі өмір қызметін басқару рефлекстер арқылы жүзеге асады. Сен «Адам және оның саламаттығы» оқу пәнінде рефлекс, рефлекс жайы, оларда жүйке орталықтары, сезуші және әрекеттендіруші жүйкелердің қатысуы, шартсыз және шартлы рефлекстердің өзара байланыстылығы, шартты рефлектің пайда болуымен танысқаныңдар. Бұлардың барлығы жүйке арқылы басқаруға мысал болады.


Жүйке жүйесінің филогенезі. Тірі организмдердегі әрбір органдар жүйесінің тарихи дамуы филогенез деп аталады. Жүйке жүйесінің филогенезі төмендегі басқыштарға бөлінеді. Бірінші басқыш: тар немесе диффуз түріндегі жүйке жүйесі. Қуыстықтарда жүйке жүйе бір-бірімен жүйке өсімдері құралында түрлі бағыттарда бірлескен бүкіл денені тор пішінінде орап алған жүйке клеткаларынан тұрады. Дененің қалаған бөлігіне әсер еткенде жүйке торында қозғалу пайда болады да организм бүкіл денесінің әрекетімен жауап қайтарады. Екінші басқыш: ствол түріндегі жүйке жүйесі. Кірпікті шуалшандарының жүйке жүйесі бір жұп жүйке түйіні мен одан дененің екі жанынан кететін бір жұп жүйке стволынан тұрады. Жүйке стволдары көлденең жүйкелер арқылы қиыласады. Жалпы көріністе жүйке жүйесінің түзілісі баспалдағын естетеді. Сорғышты және жол-жол шылаушандардың жүйке жүйесі дененің алдыңғы жағында орналасқан бір жүйке түйіні, оларды тұтастырушы жұтқыншақ айналасы жүйке кеңірдегі, одан дененің алдыңғы жағына (сорғыштарына) және кейінгі жағына үш жұп жүйке стволы және стволдарды тұтастырушы көлденең жүйкелерден тұрады. Жүйке стволдарының дененің екі жанында орналасқан бір жұбы жақсы дамыған.

Үшінші басқыш: шынжыр түріндегі жүйке жүйесі. Орамды шуал-

шандардың жүйке жүйесі бір жұп жұтқыншақ үсті жүйке түйіні, бір жұп жұтқыншақ асты жүйке түйіні, жұтқыншақ айнала жүйке қалқасы мен бір-біріне жақын орналасқан жұп қарын жүйке шынжырынан тұрады. Дененің әрбір сигментінде бір жұп жүйке түйіндері бар. Жүйке түйіндерінен дененің түрлі бөліктеріне жүйкелер барады. Моллюскалардың жүйке жүйесі жұтқыншақ айналасының жүйке түйіні, жұтқыншақ асты жүйке түйіні («бас мия») мен дененің түрлі бөліктерде орналасқан жүйке түйіндерін тұтастырушы жүйке шынжырынан тұрады. Мол әрекет өмір сүретін және көпшілігі жыртқыш болған басаяқты моллюскаларда жүйке жүйесі күрделі түзіліске ие. Сегизаяқтың қызылөңеш айналасында орналасқан алдыңғы (бас) жүйке түйіндерінен пайда болған ганглиялар өзара бірлесіп бас мияны құрайды. Аталмыш моллюскалар тобында түйсіну органдары мен көз және сезім органдары кең дамыған. Олар түрлі бейнені, механикалық және химиялық әсерлерді ажырата алу, тастардан ұя құру, жеке тәжірибелерден өмір бойы пайдалану ерекшелігіне ие.

Омыртқасыз жануарлар ішінде буынаяқтылылардың жүйке жүйесі жоғары дәрежеде түзілген. Буынаяқтылылардың жүйке жүйесі түйінді шуалшандардың жүйке жүйесіне ұқсас, бірақ функционалдық жақтан жеделдетілген, қарын жүйке шынжырындағы жұп жүйке түйіндерінің қосылуы нәтижесінде жүйке түйіндері үлкейген. Олардың бас бөлімінде негізгі сезу органдары орналасқандығы себепті жүйке орталықтарының көлемі үлкейген.

Төртінші басқыш барлық хордалылар үшін мазмұнды болған сырнай сияқты жүйке жүйесі есептелінеді. Жүйке клеткалары жүйке сырнай



61-сурет. Жүйке


жүйесінің негізгі түрлері:

- 1 – кәуекшелердің диффуз түріндегі жүйке жүйесі;
- 2 – жапырылған шуалшандардың ствол түріндегі жүйке жүйесі;
- 3 – түйінді шуалшандардың жүйке шынжыры түріндегі жүйке жүйесі;
- 4 – омыртқалылардың жүйке сырнай түріндегі жүйке жүйесі.

бойлап бірдей орналасқан. Хордалы жануарлар бір түрге тән болғанды себепті, олардың жүйке жүйесінің түзілісінде жалпылық бар. Аласарақ хордалыларда жүйке сырнайы орталық жүйке жүйесін, одан шығушы бір-неше жүйкелер периферикалық жүйке жүйесін құрайды. Жануарлардың түзілісі күрделенген сайын жүйке жүйесінің түзілісі де сезілерлі дәрежеде өзгереді. (61-сурет). Жүйке жүйесінің кейінгі басқышы жануарлардың мінез-құлқын қамтитын бас мияның қалыптасуымен байланысты. Омыртқалы жануарлар (балықтар, суда және құрғақта жасайтындар, сүдіреліп жүрушілер, құстар мен сүтемізушілер) жүйке жүйесі бірдей анатомиялық түзіліске ие болып, әсіресе сүтқоректілерде жоғары дәрежеде түзілген.

Сен «Адам мен оның саламаттығы» оқу пәнінде адамның жүйке жүйесімен таныс болғансындар. Барлық омыртқалы жануарларда да орталық жүйке жүйесі бас және артқы миядан, периферик жүйке жүйесі бас пен артық миядан шығатын жүйкелерден тұрады. Бас мия бес бөлімнен: алдыңғы, аралық, орта, ұзыншақ мия және миядан тұрады. Бас мияның әрбір бөлімі анық сезу органдарымен филогенетикалық байланысқа ие. Орындайтын функциясына қарай соматикалық және вегетативтік жүйке жүйесі айрықшалаанады. Вегетатив жүйке жүйесі симпатикалық және парасимпатикалық жүйкелерге ажыралады.

Балықтарда бас мия оншалық үлкен көлемге ие емес, алдыңғы мия жартышарларға бөлінбеген. Суда және құрғақта жасайтындарда алдыңғы мия жартышарларға бөлінген. Мия әрекеттерінің қарапайымдылығы салдарынан жақсы дамымаған. Сүдіреліп жүрушілердің құрғақта жасауға



62-сурет. Омыртқалы жануарларда бас мия филогенезі.

өтуі мияның күрделі морфологиялық және функционалдық түзілісін талап етеді. Оларда алдыңғы мия басқа бөлімдерге қарағанда кеңейген. Мия сүдіреліп жүрушілердің әртүрлі әрекеттері салдарынан күшті дамыған.

Құстарда мінез-құлықтың күрделенуі, нәсілі үшін уайымдау инстинкті болғандығы олардың бас миясы жақсы дамығандығының дәлелі. Бас мияда алдыңғы мия жартышарлардың үлкен беті, орта мия, аралық мияның көру дөңестері жақсы дамыған. Мияның әрекеттерін үйлестіру орталығы болғандығынан күшті дамыған.

Сүтқоректілерде алдыңғы мия жартышарларының қабығы күшті дамыған да онда көру, есіту, сезім, әрекет анализаторларының жоғары орталығы, сондай-ақ, жоғары жүйке қызметінің орталығы жайласқан. Мия күшті дамыған (62-сурет).

Сен «Адам және оның саламаттығы» оқу пәнінде адам организміндегі ішкі секреция бездерімен бірге эндокрин жүйесін құрау, ішкі секреция бездерінде істеп шығатын биологиялық актив зат – гармондар организмнің ішкі мұхиты қан мен лимфаға құйылу жөнінде мәліметке иесіндер. Гуморал басқару әсіресе сол гармондар арқылы тірі организмдегі барша өмірлік процестерді басқаруда аса маңызға ие. Гуморал басқару – организмдердің бүтіндей біркелкі жүйе құрылымында жасауының қамтамасыз етілу үшін өмірлік процестерді гармондар құралында басқару саналады.

Өмірлік процестерді гуморал басқару өсімдіктер, саңырауқұлақтар мен жануарларға тән болып ол эволюцияның алғашқы басқыштарында пайда болған. Өсімдіктер мен саңырауқұлақтарда гуморал басқару биологиялық актив заттар фитогармон және алка лойттар арқылы жүзеге асырылады. Биологиялық актив заттар өсімдіктерде өткізуші тоқымалар, саңырауқұлақтарда болса мицели гифтері арқылы барша клеткаларға жеткізіледі.

Жануарларда гуморал басқару энкокрин жүйесіне кіретін ішкі секреция бездері тарапынан істеп шығарылатын биологиялық актив заттар – гармондар арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш гармондар организмнің ішкі ортасы – қан, лимфа және тоқыма сұйықтығы арқылы денеге тарқалады.

Организмнің өзін-өзі басқарудың жүйке және гуморал әдістерімен тығыз байланысты. Бір тараптан жүйке жүйесі қызметіне қанмен жетіп келген гармондар үнемі әсер етсе, екінші тараптан ішкі секреция бездерінен ажыралатын гармон мөлшері мен қанға құйылуы жүйке жүйесінің үнемі бақылуында болады. Сол себепті, тірі организмдерде кешетін фи-

физиологиялық процестер жеке нейрогуморал механизм арқылы жүзеге асады. Бұдан тыс, организмдегі органдар мен органдар жүйелерінің өзара бір-біріне әсер етуі нәтижесінде физиологиялық процестердің өзін-өзі басқаруы жүзеге асады.

Сен адам организмінде қорғалу ерекшеліктерінің барлығынан хабарларың бар. Қорғалу ерекшеліктері үш басқыштан болып, бірінші басқышта организмде жұқпалы ауру қозғатушылардың енуінің алдын алады, екінші басқышта қанның ақ қан денелері лейкоциттері қызмет етеді, үшінші басқышта организмге енген йод заттарға қарсы антитело мен антитоскиндер істеп шығады. Антителолар организмге кірген микробтарды бір-біріне жабыстырып бөлшектеп жібереді. Антитоксиндер болса микробтардың өмір қызметі нәтижесінде өмірге келетін улы заттарды нейтралдап бөлшектейді. Организмде қорғалу ерекшеліктерінің барлығы олардың эволюция процесінде жасап қалу мен көбею мүмкіндігін береді. Организмдердің жұқпалы ауруларды қозғатушы, өзін қорғау, организмге кірген йод заттың табиғаты антитело және атитоксиндер істеп шығару ерекшелігі *иммунитет* деп аталады.

Иммун басқару – бұл организмнің өмірлік қызметін бір бүтін жүйе сипатында йод заттарға қарағанда тұрақтылықты қамтуға бағытталған процестер жиынтығы саналады.

Иммунитет жануарларда иммун жүйесі арқылы өсімдік пен саңырауқұлақтарда клетка қабығының тұрақтылығымен қорғау заттары, мәселен фитонсид және антибиотиктер арқылы қамтылады.

Организм – бүтін жүйе, оның өзін-өзі басқару жүйке мен эндокрин жүйелер, қорғау ерекшелігі иммунитет арқылы жүзеге асырылады.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алындар: өзін-өзі басқару; жүйке арқылы басқару; жүйке жүйесінің түрлері: диффуз, ствол, шынжыр, сырнай секілді; гуморал басқару; иммун басқару.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Жануарлардың өмірлік процестері қандай механизмдер құралында басқарылады ?
2. Өсімдіктердің өмірлік процестері қай тәрізде басқарылады?
3. Жүйке және эндокрин жүйелері ортасындағы өзара қатынастарды анықтаңдар?
4. Жүйке және гуморал басқару ортасындағы жалпылық мен айырмашылықты анықтаңдар.



Өз бетінше орындау үшін тапсырмалар.

Жүйке гуморал басқарылуудың өзіне тән ерекшеліктерін кестеге жазыңдар.

Жүйке және гуморал басқарылуының өзіне тән ерекшеліктері	
Жүйке жүйесі арқылы басқару	Гуморал басқару

Жануарлар жүйке жүйесінің өзіне тән ерекшеліктерін анықтаңдар және кестені толтырыңдар.

Жануар топтары	Жүйке жүйесінің өзіне тән ерекшеліктері
Қуыстықтар	
Жапырылған шуалшандар	
Үйірлі шылаушандар	
Қалқалы (түйінді) шылушандар	
Моллюскалар	
Буынаяқтылар	
Ланцетникалық	
Балықтар	
Суда және құрғақта жасайтындар	
Сүдіреліп жүрушілер	
Құстар	
Сүтқоректілер	

40-§. ЖАНУАРЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚАБАТЫ МЕН ӘРЕКЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ



Тірек білімдерінді қолдандар. *Алған білімдеріңе негізделіп, омыртқасыз және омыртқалыларда дене қабаты мен әрекет мүшелерін өзгеруге ықпал ететін факторлар туралы әңгімелеңдер.*

Жануарлардың дене қабатының эволюциясы. Жануарлардың дене қабаты, негізінен, сыртқы орта мен улы факторлардан қорғау міндетін орындайды. Эволюция процесінде бір органдар жүйесінің жетілдіруіне байланысты тәрізде басқа органдар жүйелерінің пайда болуы мен жетілдірілуі пайда болады. Функцияның артуы нәтижесінде алғашқы нәтижесінде алғаш қорғау органы болған тері тыныс алу, сезу, терморегуляция мен айыру, сүтқоректілерде тер бездерінің өзгеру нәтижесінде пайда

болған сүт бездерінен ажыралатын сүт арқылы тұқымды қоректендіруде қатысады. Аталмыш функциялар тері қабаты түзілісінің күрделенуі, одан түрлі туынды және бездердің пайда болуы нәтижесінде жүзеге асады.

Хордалы жануарларда тері: эпидермис және дермадан тұрады. Эпидермис эктодермадан, дерма мезодерден дамиды. Баскелетсіздерде тері қабатының әр екі қуаты күшсіз дамыған. Терінің эпидермис қабаты бір қабат клеткалардан, сондай-ақ, бір клеткалы бездерден тұрады. Терінің дерма қабаты (кәуек), біріктіруші клеткалардан түзіліген.

Эволюция процесінде омыртқалыларда эпидермис көпқабатты, төменгі қабаттағы клеткалар тынымсыз көбейеді, үстіңгі қабаттағы клеткалар мамандандырылады, белгілі мерзімнен соң жойылады да құрып түсіп қалады. Тері дерма қабатының тұрақтылығын қамтитын біріктіруші талшықтар пайда болады. Омыртқалыларда тері туындылары пайда болады, олардың әр түрлілігі жануарлардың өмір тынысы мен түзілу дәрежесіне байланысты болады. Сондай-ақ, теріде түрлі міндеттерді орындайтын май және тері бездері дамыған. Балықтарда тері бездері бір клеткалы, ланцетке ұқсас олар да шылымшық сұйықтық ажыратады да балықтардың суда еркін әрекетін қамтиды. Балықтардың денесі қайсы систематикалық топқа тиістілігіне қарап түрлі денелермен қапталған. Тоғайлы балықтардың бүтін денесі, ауыз бостығы, оның жұқа қабаты плакоид деп аталатын денелерден тұрады. Плакоидтар дентинден түзілген, үсті эмальмен қапталған болып, тікенге ұқсас пішінге ие.


Тоғайлы балықтардың ауыз бостығындағы денелер қоректену міндетін орындайтындығы себепті көлемі кеңейген және тіс міндетін өтейді.

Сүйекті балықтарда денелер домалақ пішіндегі сүйек, үсті жұқа эпидермиспен қапталған пластинкалардан тұрады. Сүйектен тұратын денелер балық денесін қаптап тұрған дерма есебінен дамиды. (63-сурет).


Суда және құрғақта жасайтындардың ежелгі өкілдері болған стегоцефаллардың денесі балықтарға ұқсас денелермен қапталған. Қазіргі суда және құрғақта жасаушылардың денесі жұқа терімен қапталған болып, олар дененің бүтіндігін қамтумен бірге тыныс алуда қатысады.

Суда және құрғақта жасаушылардың терісінде көп клеткалы шылымшық зат ажыратылған бездер болып, олар дене қабатын ылғалдаумен бір қатарда, дұшпаннан қорғайтын улы зат істеп шығарады (64-сурет).


Сүдіреліп жүрушілер эволюция процесінде болған ароморфоздар нәтижесінде құрғақта жасауға толық бейімделгендігі себепті, олардың терісі құрғақ болып, тыныс алуда қатыспайды. Эпидермистің сыртқы қа-




63-сурет. Балық терісінің түзілісі:
1 – эпителий; 2 – сүйек қабыршақ.




64-сурет. Сүдіреліп жүрушілер терісінің түзілісі: 1 – мүйізді қабыршақ.



65-сурет. Бақа терісінің түзілісі: 1 – шылымшық безі; 2 – улы безі; 3 – қылтамыр қан тамырлары; 4 – эпидемис; 5 – дерма.



66-сурет. Құс терісінің түзілісі:
1 – қуырсын.



67-сурет. Сүтқоректілер терісінің түзілісі:

- 1 – эпидермис;
- 2 – дерма;
- 3 – гиподерма;
- 4 – шаш;
- 5 – қылтамырлар;
- 6 – рецепторлар;
- 7 – шаш қапшығы;
- 8 – май безі.

баты шак (мүйіз) заттан тұратын тиындар (эпидермис туындысы) мен қапталған.

Көпшілік сүдіреліп жүрушілердің өсуі мен дене көлемінің кеңеюі нәтижесінде түлейді. Сүдіреліп жүрушілер терісінде бездер болмайды. Олардың дене қабаты организмнің бүтіндігін қамтып, механикалық ықпалдар, ауру келтіріп шығаратын микробтардан қорғау міндетін орындайды. (65-сурет). Құстардың терісі сүдіреліп жүрушілерге ұқсас құрғақ, бездері болмайды. Көпшілік құстарда құйымшақ бездері болып, құстар бұл безден ажыралатын майсекілді затпен қанаттарын майлайды. Құстардың денесін қаптап тұрушы қуырсын мен түбіттер эпидермис туындысы болып, олардың келіп шығуы сүдіреліп жүрушілердің денелеріне ұқсас, құрамы бұтақ заттан түзілген (66-сурет).

Сүтқоректілердің дене қабаты орындайтын міндетіне байланысты түрде күрделі түзілген. Терісі жүнмен қапталған және онда әр бір міндетті орындаушы (май, сүт, тер, иіс) бездер бар. Сүтқоректілердің тер бездері мамандандырылып сүт бездеріне айналған. Терідегі май бездері тек қана сүтқоректілерге тән. Май бездері ажырататын май терісінің үсті, жүн қабатын майлап, ылғалданудың алдын алады да оның эластиктігін қамтып, құрғап қалудан қорғайды. Сүтқоректілерге тән белгілерден бірі эпидермис туындылары: жүн, тырнақ, тұяқ, мүйіздердің пайда болуы саналады. Жүн қабаты мамандандырылған болып, майда жүн (мамық) тер терморегуляция, қылдар болса сезуші жүйке талшықтарымен бірлесіп сезім міндеттерін орындайды (67-сурет).

Адамның эмбрионал дамуының белгілі басқышта жүн қабаты пайда болады да эмбриогенездің соңында жоғалып кетеді.

Жануарлардың әрекет органдарының эволюциясы. Көпшілік жануарларда дене пішінін сақтау, қорғау мен әрекетті қамтитын түрлі түрдегі жүйелер бар.


Бір клеткалы және омыртқасыз жануарларда ішкі, гидростатикалық пен сыртқы скелет болады. Күрделі түзіліске ие ішкі скелет бір клеткалы теңіз жануарларында болады. Оның скелеті клетка орталығынан шығатын инеге ұқсас болып, кремний оксидінен түзілген. Бұл ішкі скелет организмді зиянданудан сақтаумен сулы ортада әрекеттенуге мүмкіндік береді. Колония тәрізде жасаушы коралл полиптарында ішкі скелет болып, олар өкпеден түзілген. Коллонияны құрайтын әрбір полип теңіз суындағы тұздардан ине пішіндегі ішкі скелетті құрайды. Нәтижеде көп санды полиптардан тұратын колония ішінде тығыз және қатты тірек міндетін орындайтын скелет пайда болады.

Гидростатикалық скелет омыртқасыз жануарлар, мәселен, үйірлі және түйінді шуалшандарда ұшырайды. Оның денесінде жеке тоқыма сұйықтығы болып, бұлшықеттерге қысым көрсетеді. Аталмыш қысым ықпалында бұлшықеттер қысқарады да шуалшандар әрекеттенеді (68-сурет).

Сыртқы скелет буынаяқтыларда ұшырайды. Ол тері клеткаларының туындысы болып, хитиннен тұрады. Сол себепті олар хитин қабаты деп аталады.

Сыртқы скелеттің әрекетінде қатысатын кейбір бөліктері, дене бөлімдерінің буындарында хитин қабаты жұмсақ болады. Буындардың әрекеті хитин қабатына біріккен бұлшықеттердің қысқаруы арқылы қамтылады. Хитин қабаты буынаяқтылылардың денесінен су жоғалтуының алдын алады. Сөйтіп, буынаяқтылылардың сыртқы скелеті (хитин қабаты) тірек және ішкі органдарды қорғау, организмді орташа су жоғалтудан қорғау міндетін орындайды.

Хордалы жануарларда ішкі скелеттің, яғни хорда, омыртқалы жануарларда болса омыртқа бағанының пайда болуы жануарлар эволюциясындағы ірі ароморфоздардан бірі саналады.



68-сурет. Омыртқасыз жануарлардың тірек органдары: 1 – радиолария тікендері; 2 – коралл полиптарының әқтас скелеті; 3 – жаңбыр құрттарының гидростатистикалық скелеті.

Тірі организмдердің аса ерекшеліктерінен бірі әрекеттену саналады. Әрекеттену арқасында жануарлар дұшпаннан қорғалады, қорек іздеп табады, ұрпақты қорғайды. Эволюция процесінде тірек органдарының жетілуімен бір қатарда әрекет органдары да өркендеген.

Жануарлардың әрекеттенуі арнаулы қысқару ерекшелігіне ие болған бұлшық еттердің болуымен байланысты. Бір клеткалы қарапайым жануарлар цитоплазма өсімдері, хивчиндер мен кірпіктер жәрдемінде әрекеттенеді.

Түйінді көп клеткалар, мәселен, қуыстықтарда арнаулы органдары болмайды, олар денесінің бүктеліп жазылуы немесе қысқарып созылуы арқылы әрекет етеді. Олар эктодерма қабатындағы тері-бұлшықет клеткалары, энтодерма қабатындағы ас қорытушы клеткалардағы бұлшық ет талшықтарының қысқаруы есебіне әрекеттенді.

Шуалшандардың тері-бұлшық ет қалтасында түйінді және байламды бұлшық еттер дамыған. Көп түкті түйінді шуалшандар денесінің әрбір сегментінде арнаулы әрекет органдары – бұлшықетті өсімдер (парапо-

диялар) қалыптасқан. Моллюскалардың бұлшық етті аяқтары бар. Буын-аяқтылыларда болса бұлшық еттер байламдар құрап, хитин қабатына бірігеді. Жеке бұлшық еттердің қысқаруы салдарынан жәндіктер күрделі әрекеттене алады: жүреді, секіреді, сүзеді, қанаттарының көмегінде ұшады. Омыртқалылардың бұлшықеттердің скелетімен біріккендігі үшін скелет бұлшық еттері деп аталады. Омыртқалы жануарлар құрғақта, ауада, суда әрекеттенеді.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: тері қабаты, эпидермис, дерма, тері туындылары, плакоид денелер, мүйіз тиындар, гидростатикалық скелет, сыртқы скелет, ішкі скелет.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Жануарлардың дене қабаттары қандай функцияларды орындайды?
2. «Зоология» оқу пәнінен меңгерген білімдеріңе негізделіп, омыртқасыз жануарлардың дене қабаттарын айтып беріңдер.
3. Балық пен бақаның дене қабаттарын салыстырыңдар.
4. Кесіретке, құс, сүтқоректілердің дене қабаттарын салыстырыңдар.
5. Балық пен бақаның скелеті қандай бөлімдерден құралған?
6. Құс сүтқоректілердің скелеті қандай бөлімдерден құралған?
7. Омыртқасыз жануарлардың әрекет органдарын өзара салыстырыңдар.
8. Омыртқалы жануарлардың әрекет органдарын өзара салыстырыңдар.



Өзбетінше орындау үшін тапсырмалар.

1. Биология дәптерлеріңе төмендегі кестелерді толтырған тәрізде жазыңдар.
2. Балық пен бақа скелетінің салыстырмалы мінездемесін кестеде көрсетіңдер.

Омыртқалы жануарлар	Скелет бөлімдері	Бөлімді құраған сүйектер	Бөлімнің міндеті	Көрініске келген өзгеріс
Балық скелеті				
Бақа скелеті				

3. Кесіретке пен құстың скелетін салыстырыңдар, олардағы өзгерістерді анықтаңдар.

Омыртқалы жануарлар	Скелет бөлімдері	Бөлімді құраған сүйектер	Бөлімнің міндеті	Көрініске келген өзгеріс
Кесіретке скелеті				
Құс скелеті				

4. Сүтқоректілердің мысалында оның скелеті қандай бөлімдерден және сүйектерден құралғанын анықтаңдар.

Скелет бөлімдері	Бөлімді құраған сүйектер	Бөлімнің міндеті



Өз пікірлеріңді білдіріңдер.

1. Балық скелетінде су мұхитында жасауы үшін қандай бейімделулер бар?
2. Бақа скелетінде суда және құрғақта жасауға мүмкіндік берген қандай өзгерістер болған?
3. Кесіреткенің құрғақта жасауға өтуі негізінде болған скелеттегі өзгерістерді анықтаңдар.
4. Құстардың скелетінде ұшуға мүмкіндік беретін қандай бейімделулер бар?

41-§. ЖАНУАРЛАРДЫҢ ТЫНЫС АЛУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ



Тірек білімдерінді қолдандар. *Төмендегі сыныптарда меңгерген білімдеріңе негізделіп, тыныс алудың маңызы туралы әңгімелеңдер.*

Тыныс алу барлық тірі организмдердің өмірі үшін маңызды процесс саналады. Тірі организмдердің жасау ортасы анаэроб (кислородсыз) және аэроб (кислородты) болуы мүмкін. Эволюция барысында алғашқы тірі организмдер анаэроб жағдайында жасаған, заттар алмасуының кислородсыз бөлшектенуіндегі сияқты диколиз және ашу нәтижесінде пайда болатын аз мөлшердегі энергия есебіне жасаған.

Атмосферада кислород көлемінің артуы кислородпен тыныс алушы организмдердің пайда болуға себеп болады. Кислородпен тыныс алу есебіне заттардың соңына дейін бөлшектенуі мен пайда болатын энергия көлемінің артуы эволюция процесін жылдамдатады.

Бір клеткалы организмдер мен туынды түзілген көп клеткаларда арнаулы тыныс алу мүшесі болмайды. Олар бүтін дене үсті арқылы суда еритін кислородты диффузия жолымен қабылдайды. Кейіншелік тыныс алу міндетін суда жасайтын жануарларда желбезектер, құрғақта жасаушы жануарларда трахея сырнайлары мен өкпелер орындайды. Суда және құрғақта жасаушыларда тері, құстарда болса ауа жағдайлары да тыныс алуда қатысады. Организмде кислородты тасу міндетін арнаулы белоктар орындайды. Туынды омыртқасыздарда мұндай белоктар плазмада, жоғары омыртқасыздарда болса жеке клеткаларда орналасады. Хордалыларда мұндай міндетті қанның пішінді элементтерінен бірі эритроциттер құрамындағы гемоглобин орындайды.

Эволюцияда алғашқы тыныс алу мүшесі көп түкті түйінді шуалшаңдарда пайда болған. Олардың бас бөлігіндегі арнаулы өсім ас қорыту заттарын тұту мен тыныс алу міндетін орындаған. Аз түктілер

мен зүліктер дене үсті арқылы тыныс алған. Теңіздерде жасайтын моллюскалар желбезектер көмегінде, қарынаяқты моллюскалардың кейбір өкілдері өкпе көмегінде кислородты қабылдайды. Буынаяқтылылардан шаян секілділерде тыныс алу органы желбезек, жәндіктерде трахеялар мен өрмеші секілділерде өкпе мен трахеялардан (өрмекшілерде өкпе мен трахеялар, шаяндарда өкпе, фаланга мен кейбір кенелерде трахеялар) тұрады. Майда шаян секілділерде арнаулы тыныс алу мүшесі жоқ. Оларда хитин қабаты жұқа болып, тыныс алу дене үсті арқылы жүзеге асады.


Баскелетсіздерде жұтқыншақ қорғанының екі жанында желбезек жарықтары орналасқан. Желбезек жарықтары желбезек алды қуысына ашылып, оған кірген су арнаулы сыртқа жіберіледі.

Балықтарда желбезек жарықтарының қорғандарында қылтамыр қан тамырына болған желбезек жарықтары пайда болады. Балықтарда желбезек жарықтарының саны азайған болса да, бірақ тыныс алу беті қылтамырлар торының есебіне кеңейеді. Саусақ қанатты балықтарда соңғы желбезек доғалары артқы тарапынан сүзгіш көпіршігі қалыптасады. Эмбрионез кезеңінде жүзеге келген сүзгіш көпіршігі мен жұтқыншақ арасындағы байланыс кейін де сақталып қалады. Соның үшін жұтқыншаққа түскен ауа ешқандай тосқауылсыз сүзгіш көпіршігіне өтеді. Мұндай ерекшелік сүзгіш көпіршігін өкпеге айландыруы үшін орын болады.

Эволюция процесінде тыныс алу органы өкпе бірінші рет суда және құрғақта жасаушыларда пайда болған. Келіп шығуы бойынша саусақ қанатты балықтармен байланысты болған суда және құрғақта жасайтындарға, тек қана личинкалы кезеңінде тыныс алу желбезектері арқылы көрінсе, кәметке жеткеннен соң тыныс алу өкпе мен тері арқылы пайда болады. Олардың өкпесі қалтасияқты түзілген болып, тосқауылдар мен бронхтар болмайды. Көкірек тынысы мен диафрагмасы болмағандығы салдарынан, оларда ауа ауыз қуысынан жұту әрекеттері салдарынан өкпеге өтеді. Бірінші болып суда және құрғақта жасаушыларда көмейдің сіңірлері қалыптасқан. Өкпелер әсіресе көмейден басталады. Олардың өкпесі өте қарапайым түзілген және газ айлануы беті өте кіші, соның үшін газ айлануы көбірек тер қабаты арқылы жүзеге асады.

Сүдіреліп жүрушілерде тыныс жолдары – көмей, трахея мен бронхтар толық қалыптасқан. Олардың өкпелері майда кеуек сияқты, көп санды ішкі клеткаларға және үлкен тыныс алу бетіне ие. Бірақ оларда бронхтар шақтамайды. Тыныс алуы, негізінен, қабырғалар аралықпен қарын бұлшық еттердің қысқаруы есебіне көрінеді. Тыныс алуда тері қатыспайды.

Құстар өкпесі жақсы дамыған. Олардың өкпесінде бронхтар тармақталып, бронхтармен аяқталады. Құстар ұшуына бейімделгені себепті, өкпесінің екінші бронхтарының ақырлары ауа қалташаларын құрайды. Ауа қапшықтары бұлшық еттер арасына, тері астына және сүйек қуыстарына жетіп барады. Ұшу уақытында бұл қапшықтар ауамен толып, дене салмағын жеңілдетеді. Бұдан тыс, ауа қапшықтарындағы атмосфера ауасы тыныс шығаруда өкпеден өтіп, қанды екінші рет кислородпен қамтамасыз етеді. Мұндай жағдай заттар алмасуын жетілдіреді, себебі қан да тыныс алып және шығарғанда кислородқа тояды.



69-сурет. Тыныс алу органдары филогенезі: А – саламандраның тыныс алу жүйесі; В – бақаның тыныс алу жүйесі; D – кесіреткенің тыныс алу жүйесі:

1 – трахея; 2 – бронх. Е – құстың тыныс алу жүйесі: 1 – ауа қапшығы.

F – сүтқоректілердің тыныс алу жүйесі: 1 – бронхтар; 2 – алвеолалар.

Сүтқоректілерде ауа жолдары кірпікті эпителиямен қапталған. Олар ас қорыту жүйесінен толық ажыралған және тек қана жұтқыншақ бөлігінде қиылысады. Бронхтар көп рет тармақталып, бронхтар мен алвеолалар өкпе көпіршіктерімен аяқталады. Алвеолалар қабырғасы бір қабат эпителиядан құралып, қылтамырлар торымен оралған. Алвеолалардың саны түрлі сүтқоректілерде әртүрлі болады. Олардың есебіне газ айналуының беті кеңейеді. Көкірек қуысы қарын бостығынан диафрагмамен ажыралып тұрады. Диафрагмада бұлшық ет тоқымасы жақсы болып, тыныс алу әрекеттерінде өте аса маңызға ие (69-сурет).

Адамның эмбрионал дамуында барша омыртқалылардағы сияқты тыныс жолымен ас қорыту жүйесінің басталу бөлігі тығыз байланысқан болады. Бала туылғанда тыныс алу жүйесі толық дамымаған болады. Тыныс алу жүйесінің жетілуі балағат жасына жеткенге дейін жалғасады.

Сөйтіп, омыртқалылардың тыныс алу жүйесі олардың жасау ортасына байланысты түрде дамып, эволюция барысында тыныс жолдары мамандандырылған, тыныс бұлшық еттері жетілген және газ алмасуы беті артқан.



Дәптерлеріңе терминдердің мағынасын жазып алыңдар: гликолиз, ашу, гемоглобин, трахея, бронхтар, бронхиолалар, алвеолалар, диафрагма.



Білімдеріңді қолдандар.

1. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелерінің түзілісін түсіндіріп беріңдер.
2. Балықтар мен суда және құрғақта жасайтындардың тыныс алу жүйесіндегі ұқсастықтарды түсіндіріп беріңдер.
3. Сүдіреліп жүрушілермен құстардың тыныс алу жүйесіндегі ұқсастық пен айырмашылықты айтып беріңдер.
4. Құстар мен сүтқоректілердің тыныс алу жүйесіндегі ұқсастық пен айырмашылықты түсіндіріп беріңдер.



Өзбетінше орындау үшін тапсырмалар. Кестені толтырыңдар.

Жануарлар	Тыныс алу жүйесінің түзілісі
Балықтар	
Суда және құрғақта жасайтындар	
Сүдіреліп жүрушілер	
Құстар	
Сүтқоректілер	

42-§. ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАН АЙЛАНУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ



Тірек білімдеріңді қолдандар. *Жануарлар үшін қан айлану органдарының қандай маңызы бар? Адамның қан айлану жүйесіне қандай органдар кіреді?*

Барлық тірі организмдер өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі құрайтын, динамикалық тәрізде дамиды ашық биологиялық жүйе. Ашық биологиялық жүйе дегенде, сыртқы ортадан тынымсыз тәрізде керекті, қажет заттардың қабылдануы, керексіз заттардың ажыралып шығуы, яғни заттар алмасуы түсініледі. Аталмыш процесте барлық органдарды бүтін жүйеде бірлестіріп тұратын үнемі әрекетте болатын организмнің ішкі ортасы маңызды орын иелейді.

Жоғары түзіліске ие организмдерге қан, лимфа, тоқыма сұйықтығы, клеткалар құрамындағы цитоплазма организмнің ішкі ортасын құрайды.

Ішкі ортаның негізгі бөлігін қан құрап, ол транспорт, гуморал басқару, терморегуляция, қорғау міндетін орындайды.

Қан айлану жүйесі басқа мүшелер жүйесі секілді ұзақ жалғасқан филогенездің өнімі есептеледі. Қан сұйық біріктіруші тоқыма болып, ол плазма мен қанның пішінді элементтерінен құралады.

Организмнің эмбрионал дамуында қан мен қан айлану жүйесінің мүшелері мезодермадан дамып, қорек зат, кислородпен ажыралу өнімдерін тасу міндетін орындайды.

Омыртқасыз жануарлардың қан айлану жүйесіндегі эволюциялық өзгерістері. Аласа омыртқасыз жануарлар (кеуектәнділер, жапырылған шуалшаңдарда) қан айлану жүйесі жоқ. Оларда кислород пен қорек заттар денеге диффузия жолымен тарқалады. Қан айлану жүйесі алғаш түйінді шуалшаңдарда пайда болған. Оларда қан тамыр жүйесі дене бойлап кеткен артқы және қарын қан тамырынан тұрады. Олар өзара түйін қан тамырларымен тұтасқан. Қан артқы қан тамырынан алға, қарын қан тамырынан артқа ағады. Жұтқыншақ айналасындағы түйін қан тамырлары қысқарып, «жүрек» міндетін орындайды. Қан ірі қан тамырларынан майда қан тамырларына, олардан болса қылтамырларға өтеді. Теріде кислородпен тойынады. Қаны қызыл, бірақ темір гемоглобин құрамында емес, плазмада еріген болады. Қан айлану жүйесі жабық.

Жүрек алғаш моллюскаларда пайда болған. Жүрек, жүрек алды қапшығы ішінде орналасқан. Жүрек бөлімшесі мен қапшығы кезек-кезек қысқарып, қан тамырларына ағады. Қан тамырлары көп рет шақталып, майда тамырларға ажыралады. Тамырлардың іші ашық болып, қан ішкі мүшелері аралығындағы қуысқа құйылады. Ол жерде кислородты тоқымаларға беріп, карбонат ангидридпен тойынады. Органдар аралығынан қан және тамырларға жиналады да өкпе немесе желбезекте кислородқа тойып, жүрек алды бөлмесіне құйылады. Басаяқты моллюскаларда жүрек бір қарынмен екі немесе төрт бөлімшеден тұрады. Буынаяқтыларда да қан айлану жүйесі ашық. Қан дене сұйықтығымен араласып гемолимфаны құрайды. Шаян секілділерде жүрек бес қырлы болып, баскөкіректің артқы тарапына орналасқан. Өрмекші секілділердің жүрегі қарын жағында орналасқан. Кислородқа тойған қан жүректен тамырларға шығып, дене қуысына құйылады. Кислород пен қорек затты тоқымаларға береді, карбонат ангидрид пен ажыралу өнімдерін алып, тыныс алу органына барады. Кислородқа тойып тесіктер арқылы және жүрекке құйылады.

Жәндіктерде қан айлану жүйесі ұзын сырнайға ұқсас: көп камералы жүрек пен қысқа аорта тамырынан түзілген болып, кислород тасуда қа-


тыспайды. Сол себепті қанында эритроциттер мен қанның пішінді элементтері болмайды. Жәндіктердің гемолимфасы реңсіз, сарғыш немесе жасыл болады. Қан жүректен қысқа аортаға, ол жерден дене қуысын жұтып, әрқайсы камерадағы бір жұп тесіктер арқылы жүрекке құйылады. Жәндіктерде қан айлану жүйесі қарапайымдалған болып, тек қана қорек зат тасиды. Қан құрамы дене сұйықтығына ұқсас болады.

Омыртқалы жануарлардың қан айлану жүйесіндегі эволюциялық өзгерістері. Хордалы жануарларда қан айлану жүйесінің филогенезі бірден көзге түседі. Тоқыма және мүшелердің кислород пен қорек заттармен толық қамтылуы заттар алмасуының жетілуіне және энергияның артуына себеп болады. Бұл болса эволюцияны жылдамдатады.

Басскелетсіздерде қан айлану жүйесі қарапайым, жоғары болмайды. Қарын аортасы жүрек міндетін орындайды. Қарын аортасында веноз қан дененің алдыңғы жағына ағады. Қарын аортасы желбезек артериалдарына тармақталып, желбезекке барады. Соны айту керек, бұларда желбезек артериалдары қылтамырларға бөлінбейді. Желбезекте қан кислородқа тойып, артқы аортаға құйылады. Аортадан артериалдарға, олардан қылтамырларларға өтіп тоқымаларын кислород және қорекпен қамтылады. Ішкі мүшелерден және ішектен жиналған қан бауырда тазаланып, қарын аортасына құйылады. Ланцентте қан айлану жүйесі жабық, қан бір шеңберде әрекеттенеді.

Балықтарда қан бүйрек, талаққа істеп шығарылады. Қан айлану жүйесі бірақ жетілдірілген болып, прогрессив белгілерге ие. Бір бөлімше мен қарыннан тұратын жүрек пайда болған. Жүреkte тек қана веноз қан ағады.

Қан бөлімшеден қарынға дейін, қарыншадан қарын аортасына, соң 4 жұп желбезек артериалдары арқылы желбезекке барады. Ланценттен айрықшаланып, балықтарда желбезек артериалдары қылтамырға тармақталады. Қан желбезекте кислородқа тойып, артқы аортаға, соң тоқыма мен мүшелерге тарқалады (70-сурет).



70-сурет. Балық жүрегінің түзілісі.


- 1 – жүрек бөлімшесі;
- 2 – жүрек қарыншасы;
- 3 – вента тамыры;
- 4 – қарын аортасы.

